Р.Қ.Керімбаева Н.Ә.Свамбаева

# "Логика" ересек топ балаларына арналған "Ойлан да, тап" оқу-әдістемелік құрал

Тараз – 2016

## МАЗМҰНЫ

Түсінік хат........................................................................... 4

Жылдық жоспары.................................................................... 8

«Логика» ересек топ балаларына арналған «Ойлан да, тап» бағдарламасының перспективалық жоспары.......................... 10

Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің технологиялық картасы..................................................................................... 22

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі............................................ 117

## Түсінік хат

Баланы мектепалды даярлау-үздіксіз білім беру жүйесінің мектепке дейінгі педагогика ғылымындағы ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»» атты жолдауында барлық саланың жаңаруы туралы мәселелер, оның ішінде Білім беу саласы барысындағы жағдайлар атап көрсетілген.

Елімізде 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу арқылы шығармашылық пен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне сапалы түрде көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие болғандықтан, 12 жылдық жүйеге көшуде мектепалды дайындықты жетілдіру мәселесі ерекше маңызға ие болмақ.

Бүгінгі таңдағы заманауи өзгерістер ағымы балалар психологиясының дамуына ықпал етуде, әсіресе бұл құбылыстың нәтижелі жүзеге асуы тәрбиеші-педагог мамандардың күнделікті тынымсызда, адал еңбегіне байланысты

Мектеп жасына дейінгі балаларды заман талабынан тыс қалдырмауға, әлеуметтік ортаның тыныс-тіршілігін ұлттық болмыспен қабылдауға бейімдей отырып, олардың санасын «ұлттық құндылықтарды меңгерген жаңа дәуір балалары» моделіне бағыттай білу қажет. Модель мазмұны жауапкершілігі жоғары, жаңаша ойлайтын, зерек те елгезек, кеңістік заңдылықтарымен қоса, салт-дәстүр мен ауыз әдебиетінің озық үлгілерін меңгерген ұлтжанды, ана тілінің нәрімен барынша сусындаған, еркін, дені сау балаларды сипаттайды.

Балабақшада балаларды оқыту мен тәрбиелеуде түрлі әдіс-тәсілдеріді шығармашылық ізденіспен қолдану, жаңашыл педагог-психолог ғалымдардың іс-тәжірибелерімен байланыстырып, балалар психологиясы, мектепке дейінгі педагогика ғылым салаларының жаңалықтарымен ұштастыру-бүгінгі заман талабы.

5-6 ересек жас кезеңінде балалардың дамуын көптеген психологтар «мектепке дайындық» немесе «мектептегі оқуға жетілу» деп қарастырады.

Баланың жеке басының рухани – бай мүмкіндіктерін, отандық және дүниежүзілік мәдениет арқылы, қазақ халқының дәстүрімен, оның қол өнерімен және әдеп – ғұрыптарымен таныстыруда баланың еліне, Отанына деген сүйіспеншіліктерін дамыту. Мектепке оқуға дайындауда бала бойындағы негізгі психологиялық өріс еркіндік, батылдық, адамгершілік, ақыл – ой, кедергісіз жеңіл түрде мектепке дейінгі мекемеден мектепке өтеді.

Ертеден қарым – қатынас құралы міндетін атқарып келе жатқан тіліміздің даму, қалыптасу заңдылықтарын, ерекшеліктерін бүгінгі ұрпаққа меңгертіп отыру – оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруда шешуші орын алатыны сөзсіз. Ойлау, сөйлеу әрқашан да бір – бірімен тығыз байланысты, яғни біртұтас психологиялық үрдіс, сондықтан балаға айналадағы өмір тіршілігін таныттып, бағдарлай, қабылдай білуге үйрету арқылы ғана баланың сөздік қорын молайтуға болады. Үйренген заттық ұғымдарының қалай аталатынын есту, тыңдау, ұғыну, түсіну арқылы сөздік қоры дамиды. Сонымен қатар педагогтың жетекшілігімен өткізілетін арнайы ойын – жаттығулар кезіндегі қолданылатын сұрақтарды мұқият тыңдап, түсіну, жауап беруге сөйлеуге үйретеді.

Баланың мектепалды дайындығының ең маңыздысы болып есептелетін мәселе оның сөйлеуі, ұсақ мотарикасының дамуы, жеңіл қозғалуы, көруі, қабылдауы, сондай – ақ талдау, салыстыру, жіктеу, қорыту т.б. оқыту барысында ұйымдастырудың үлкен мәні бар. Баланы сұраққа жауап бере білуге, ойлауға қызықты мәліметтерді білуге ынталы, қызығушылығын, өзін танып, білуін, құрбыларымен, үлкендермен ойын бөлісе білуін дамыту қажет.

Бала ақыл–ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, танымдық іс–әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге есте сақтау, ойлау, елестету, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Баланың дамуы үшін есте сақтау мен ойлау қабілетінің мәні зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта және өзі туралы білімді меңгеруі, мінез – құлық нормаларын игеруі білім, білік, дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілеттерімен тығыз байланысты. Сөз бен сөйлеу әрекеті ойлау құралы болып табылады. Өйткені олардың негізінде логикалық ойлау, ұғымы қалыптасады.

5 жасында бала көрнекі– әрекеттік ойлаудан көрнекі– бейнелі ойлауға ауысады. 6 жасқа қарай ауызша – логикалық ойлауға үйренуі керек. Баланың көрнекі – әрекеттік ойлауы заттармен нақты әрекеті арқылы жүзеге асады. Ол түрлі заттарды пайдалану, қоршаған ортамен, адамдармен қарым – қатынас жасау барысында білім және тәжірибе жинақтайды. Көрнекі – бейнелі ойлау мен оған ықпал ететін көрнекі – схемалық ойлаудың мәні одан туындаған жағдайларды шешу үшін бала заттардың өзіне емес, олардың бейнесіне сүйенуі арқылы бейнелейді. Ол құбылыстар мен заттардың тек жеке қасиеттерін ғана емес неғұрлым маңызды байланыстарды, олардың арасындағы қатынастарды анықтап, кесте бойынша жұмыс жасай біледі, заттарды әр түрлі кеңістікте елестете алады, оларды ойша орындарынан ауыстыра алады.

5-6 жасында бала логикалық ұғымдық ойлауды ауызша пайдаланады. Қоршаған орта, ондағы адамдардың орны туралы түсінігі неғұрлым кеңейе түседі. Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралдағы тапсырмалар мазмұны қоршаған орта, қоғамдық өмірдегі құбылыстар, олардың арасындағы байланыстар мен қатынастар, адамның әлемдегі орны, табиғат пен оның құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар туралы білімдерін қамтиды. Оларды орындау барысында бала заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындауды, кейбір дерексіз ұғымдарды сипаттауды, уақыт қатынасын, себеп – салдарды, кеңістік, көлем, өлшем туралы түсініктерді игереді. Ол сөздерді еркін қолдануды өз пікірін айтуды, оны негіздеуді, қарапайым заңдылықтарды анықтауды, салыстыруды, талдауды, пайымдау логикасын, ойлануды үйренеді. Сөздік қоры, тіл байлығы артады, сюжеттік әңгімелер құру қабілеті дамиды.

**Мақсаты:** Ересек жастағы балалардың логикалық ойын қалыптастыру, жалпы интеллектуалды дамуына мүмкіндік туғызу, танымдық және психикалық процесстерін дамыту, логикалық операциялар, проблемалық жағдаяттарды шешуге, тиімді әрекеттер ұйымдастыру,
мектепте табысты оқуға дайындықты қамтамасыз ету.

**Міндеттері:** - балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету;
- логикалық ойындар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;

- балалардың математикалық тілде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру;
- қоршаған ортамен таныстыру, математика, тіл дамыту ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алған білімдерін, дағдыларын бекіту;
- балалардың оқыту үрдісінде кездесетін түрлі қиындықтарға төтеп беруге, мектепке жеңіл бейімделуге жағдай тудыру;
- балалардың оқып-білуіне, танып-зерттеуіне, өздігінше ой қорытып, зерделеуіне, жалпы интеллектуалдық дамуына мүмкіндік жасау;
- баланың мектепке психологиялық дайындығын қамтамасыз ету.

## ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

| № | Тақырыбы | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | ҮОӘ №1 «Өзіміз соғамыз» | 1 |
| 2 | ҮОӘ №2 «Не көрдің?» | 1 |
| 3 | ҮОӘ №3 «Болады - болмайды» | 1 |
| 4 | ҮОӘ №4 «Шаршы құрастырамыз» | 1 |
| 5 | ҮОӘ №5 «Менің жартым, сенің жартың» | 1 |
| 6 | ҮОӘ №6 « Сөздер тізбегі» | 1 |
| 7 | ҮОӘ №7 «Пантомима» | 1 |
| 8 | ҮОӘ №8 «Мен фотоаппаратпын» | 1 |
| 9 | ҮОӘ №9 «Көзілдірік» | 1 |
| 10 | ҮОӘ №10 «Ол не?» | 1 |
| 11 | ҮОӘ №11 «Сөз отауы» | 1 |
| 12 | **№12 Логикалық сайыс «Бәйге!»** | 1 |
| 13 | ҮОӘ №13 «Суретті есте сақта» | 1 |
| 14 | ҮОӘ №14 «Мен досыма сыйладым...» | 1 |
| 15 | ҮОӘ №15 «Лабиринт» | 1 |
| 16 | ҮОӘ №16 «Кім шапшаң?» | 1 |
| 17 | ҮОӘ №17 «Керісінше айт» | 1 |
| 18 | ҮОӘ №18 «Сөздің жұбын тап» | 1 |
| 19 | ҮОӘ №19 «Мен суретшімін» | 1 |
| 20 | ҮОӘ №20 «Бұл зат па, жоқ...» | 1 |
| 21 | ҮОӘ №21 «Сөздер қандай болады?» | 1 |
| 22 | ҮОӘ №22 «Түсінігін анықта» | 1 |
| 23 | ҮОӘ №23 Ия немесе жоқ | 1 |
| 24 | **№24 Интеллектуалды викторина «Көкпар»** | 1 |
| 25 | ҮОӘ №25 «Жалғасын тап» | 1 |
| 26 | ҮОӘ №26 «Керісінше айт» | 1 |
| 27 | ҮОӘ №27 «Мен бастаймын, сен аяқта» | 1 |
| 28 | ҮОӘ №28 «Мен ақынмын» | 1 |
| 29 | ҮОӘ №29 «Бұл кім, ол не?» | 1 |
| 30 | ҮОӘ №30 «Көреген» | 1 |
| 31 | ҮОӘ №31 «Айна» | 1 |
| 32 | ҮОӘ №32 «Тез ойланып айт» | 1 |
| 33 | ҮОӘ №33 «Өзіміз құрастырамыз» | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| 34 | ҰОӘ №34 «Бір сөзбен айт» | 1 |
| 35 | ҰОӘ №35 «Логика әлемінде» | 1 |
| 36 | **№36 Интеллектуалды турнир «Жыл білгіші»** | 1 |
| | **Барлығы** | **36 сағат** |

## «ЛОГИКА» ЕРЕСЕК ТОП БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН «ОЙЛАН ДА, ТАП» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

| Білім беру саласы | Тақырыбы | Мақсаты |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | | |
| **Вариативті** | ҰОӘ №1 «Өзіміз соғамыз» | Баланың ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру, белгісіз затты, оның түр сипатын, қасиетін, белгілерін сипаттау арқылы тану, өзбетімен құрастыру жұмысын атқарту арқылы көру қабілетін жетілдіру, зейінін шоғырлауға ынталандыру; білімпаздыққа тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №2 «Не көрдің?» | Баланың логикалық ойлау қабілетінің белсенділігін, арттыру, өлеңді ұйқастырып айту қабілетін жетілдіру, зейінін шоғырлауға ынталандыру, қолдың моторикасын дамыту; жауапкершілікке тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №3 «Болады - болмайды» | Баланың логикалық ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру, балалардың ой - өрісін кеңейту; шынайы және қиялдан құралған оқиғаларды анықтауды үйрету, қиялдану қабілетін жетілдіру; қолдың моторикасын дамыту; ойлау қабілетін қалыптастыру; көріп есте сақтау мен бөліктерден бір бүтін бейне шығару қабілетін жетілдіру белсенділікке тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №4 «Шаршы | Ұйқас сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін |

| | | |
|---|---|---|
| | құрастырамыз» | жетілдіру, балалардың ой өрісін кеңейту; аталған үлгілерге антоним сөздерді дұрыс тауын айтуды қалыптастыру; қолдың моторикасын дамыту; көріп есте сақтау мен бөліктерден бір бүтін бейне шығару қабілетін жетілдіріп, жаттықтыру; белсенділікке тәрбиелеу. |
| | **Қазан** | |
| **Вариативті** | ҰОӘ №5 «Менің жартым, сенің жартың» | Сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой- өрісін кеңейту; белгісіз затты, оның түр сипатын, қасиетін, белгілерін сипаттау арқылы тану қабілетін бекіту; қолдың моторикасын дамыту; геометриялық пішіндерден үлгілер жасауға жаттықтыру; сыйластыққа тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №6 «Сөздер тізбегі» | Сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой -өрісін кеңейту; сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; қолдың моторикасын дамыту; геометриялық пішіндерден үлгілер жасауға жаттықтыру; сүйіспеншілікке тәрбиелеу |
| **Вариативті** | ҰОӘ №7 «Пантомима» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой- өрісін кеңейту; белгісіз затты, оның түр |

| | | |
|---|---|---|
| | | сипатын, қасиетін, белгілерін сипаттан, мимика арқылы тану қабілетін бекіту; қолдың моторикасын дамыту; жаңа дамыту ойынымен таныстыру; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| **Вариативті** | ҰОӘ №8 «Мен фотоаппаратпы н» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой -өрісін кеңейту; көру есте сақтау қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; табысқа жетуге ұмтылуға тәрбиелеу. |
| | **Қараша** | |
| **Вариативті** | ҰОӘ №9 «Көзілдірік» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой өрісін кеңейту; көру есте сақтау қабілетін қалыптастыру, графикалық сызбаға жаттықтыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| **Вариативті** | ҰОӘ №10 «Ол не?» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой - өрісін кеңейту; көру есте |

| | | |
|---|---|---|
| | | сақтау қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; табысқа жетуге ұмтылуға тәрбиелеу |
| **Вариативті** | ҰОӘ №11 «Сөз отауы» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой - өрісін кеңейту; көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; сыйластыққа тәрбиелеу |
| **Вариативті** | №12 Логикалық сайыс «Бәйге!» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін, көру есте сақтау қабілетін тексеру, балалардың ой - өрісін кеңейту; графикалық сызба жұмыстарын орындау; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| | **Желтоқсан** | |
| **Вариативті** | ҰОӘ №13 «Суретті есте сақта» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой - өрісін кеңейту; көру, есте |

| | | |
|---|---|---|
| | | сақтау қабілетін қалыптастыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; қолдың моторикасын дамыту; жаңа дамыту «Танграм» ойынын үйрену; сыйластыққа тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №14 «Мен досыма сыйладым...» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №15 «Лабиринт» | Берілген жагдайды оңай шешіп шығуға үйрету; сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа төрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №16 «Кім шапшаң?» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруга жаттықтыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | қолдың моторикасын дамыту; «Сиқырлы шеңбер» ойынымен танысу; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| **Қаңтар** | | |
| **Вариативті** | ҰОӘ №17 «Керісінше айт» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; көру, есте сақтау, есту, қиялдану қабілетін қалыптастыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| **Вариативті** | ҰОӘ №18 «Сөздің жұбын тап» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| **Вариативті** | ҰОӘ №19 «Мен суретшімін» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; заттарды есте сақтап, белгілер арқылы суретін салу; көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа |

| | | |
|---|---|---|
| | | тәрбиелеу |
| **Вариативті** | ҰОӘ №20 «Бұл зат па, жоқ...» | Логикалық ойлау белсенділігін арттыру; қиялдау дағдыларын қалыптастыр; көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру; сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| | **Ақпан** | |
| **Вариативті** | ҰОӘ №21 «Сөздер қандай болады?» | Логикалық ойлау белсенділігін арттыру; қиялдау дағдыларын қалыптастыру; көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру; сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №22 «Түсінігін анықта» | Логикалық ойлау белсенділігін арттыру; қиялдау дағдыларын қалыптастыру; көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру; сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №23 | Логикалық ойлау белсенділігін |

| | | |
|---|---|---|
| | «Ия немесе жоқ» | арттыру; қиялдау дагдыларын қалыптастыру; көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру; сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| **Вариативті** | №24 Интеллектуалды викторина «Көкпар» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді магынасына қарай тез табу қабілетін, көру есте сақтау қабілетін тексеру, балалардың ой - өрісін кеңейту; графикалық сызба жұмыстарын орындау; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| | | **Наурыз** |
| **Вариативті** | ҰОӘ №25 «Жалғасын тап» | Логикалық ойлау белсенділігін арттыру; қиялдау дағдыларын қалыптастыр; көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру; сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №26 | Логикалық ойлау белсенділігін |

| | | |
|---|---|---|
| | «Керісінше айт» | арттыру; қиялдау дағдыларын қалыптастыр; көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру; сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №27 «Мен бастаймын, сен аяқта» | Логикалық ойлау белсенділігін арттыру; қиялдау дағдыларын қалыптастыру; көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру; сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| **Вариативті** | ҰОӘ №28 «Мен ақынмын» | Логикалық ойлау белсенділігін арттыру; қиялдау дағдыларын қалыптастыру; көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру; сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| | **Сәуір** | |
| **Вариативті** | ҰОӘ №29 «Бұл кім, ол не?» | Логикалық ойлау белсенділігін арттыру; қиялдау дағдыларын қалыптастыру; көру, есте сақтау |

| | | |
|---|---|---|
| | | қабілетін жетілдіру; сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №30 «Көреген» | Логикалық ойлау белсенділігін арттыру; қиялдау дағдыларын қалыптастыру; көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру; сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу. |
| **Вариативті** | ҰОӘ №31 «Айна» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой-өрісін кеңейту; көру есте сақтау қабілетін қалыптастыру, графикалық сызбаға жаттықтыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |
| **Вариативті** | ҰОӘ №32 «Тез ойланып | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді |

| | | |
|---|---|---|
| | айт» | мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой - өрісін кеңейту; көру есте сақтау қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; табысқа жетуге ұмтылуға тәрбиелеу. |

**Мамыр**

| | | |
|---|---|---|
| **Вариативті** | ҰОӘ №33 «Өзіміз құрастырамыз» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой - өрісін кеңейту; көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру; қолдың моторикасын дамыту; сыйластыққа тәрбиелеу |
| **Вариативті** | ҰОӘ №34 «Бір сөзбен айт» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой өрісін кеңейту; көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; қолдың моторикасын дамыту; жаңа дамыту «Танграм» ойынын үйрену; сыйластыққа тәрбиелеу |
| **Вариативті** | ҰОӘ №35 «Логика әлемінде» | Баланың логикалық ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру; белгісіз затты, оның түр сипатын, қасиетін, белгілерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | сипаттау арқылы тану, салыстыру; бөліктерден бір бүтін бейне шығару қабілетін жетілдіру; қолдың моторикасын дамыту; белсенділікке тәрбиелеу. |
| ...ративті | ҮОӘ №36 Интеллектуалды турнир «Жыл білгіші» | Сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру; сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін, көру есте сақтау қабілетін тексеру, балалардың ой - өрісін кеңейту; графикалық сызба жұмыстарын орындау; сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыру; қолдың моторикасын дамыту; бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу |

# ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №1 «Өзіміз соғамыз»
**Мақсаты:**
*- баланың ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру: белгісіз затты,оның түр сипатын, қасиетін, белгілерін сипаттау арқылы тану,*
*-өзбетімен құрастыру жұмысын атқарту арқылы көру қабілетін жетілдіру;*
*- зейінін шоғырлауға ынталандыру;*
*- білімпаздыққа тәрбиелеу.*
Құрал - жабдықтар: құрастыру «Өзіміз соғамыз», ойын «Жұп суреттер», ойын «Кесінді суреттер» .
**Билингвалды компонент**: кітап – книга; бұрыш – перец.

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақырады<br>*Амансың ба, алтын күн.*<br>*Амансың ба, көк аспан.*<br>*Амансың ба, достарым,*<br>*Сендерді көрсем қуанам!*<br>және оларға «Ақылдылар» еліне баруды ұсыну<br>**Берілген жұмбақтар**:<br>*1.Ақылшы дос балаға, Жақсы серік аға. Үндемейді ол саған, Білгір, бірақ бағала.(кітап)*<br>*2. Біреу тістеніп тұр, Оған біреу күш беріп тұр. (кемпірауыз)*<br>*3. Үй ішінен табасың, Тамаққа да саласың. (бұрыш)*<br>Түрлі қызықты | Балалар қуана қолдарын ұстап шеңберге тұрып, өлең жолдарын қайталайды «Ақылдылар» елінде түрлі тапсырмаларға кездеседі.<br><br>Қызығушылықпен жұмбақтарды шешеді, конвертке салынған «Қиылған суреттер» ойынын алады.<br><br>Жұмбақтың екі |

| | | |
|---|---|---|
| | тапсырмаларды орындауға шақыру. Берілген сиқырлы хатты, жұмбақты шешкен бала алады (жеке)<br>Жұмбақтардың шешімін қазақ – орыс тілдерінде айтып беруді ұсыну | тілде жауаптарын айтып масаттанады |
| ...ұйымдасты ру-...дестіру | Көргенін қайталау қабілетін дамыту «Маймылдар» ойынын ойнауға шақыру.<br>Балалардың қызығушылығын арттырып «Өзіміз соғамыз» құрылыс кірпіштерімен жұмыс жасауды ұсыну т)<br>Балаларды «Африка» сергіту сәтіне шақыру<br>*Ой балалар, балалар.*<br>*Африкаға бармаңдар.*<br>*Африкада жылан бар,*<br>*Онда үлкен бақа бар.*<br>*Қолтырауын тағы бар,*<br>*Арыстан өнда арс етсе*<br>*Қорқасың сен балақай..*<br>«Бағдаршам» көз жаттығуын пайдалану арқылы, ойын жаттығулары арқылы көздің көру қабілетін жетілдіруді ұсыну<br>*Кел балалар бәріміз*<br>*Көзімізді жұмамыз.*<br>*Оң көзіңді жұмда сен*<br>*Маған қара сол көзбен.*<br>*Сол көзіңді енді жұм.*<br>*Оң көзіңмен қара сен.*<br>*Бағдаршам деген қызық қой*<br>*Кезектеп көзді ашып – жұм.*<br>«Бірдей суреттерді тап» ойынында іздеу жұмысын ұйымдастыру. (ж/т) | Ойын шартына қарай қызығушылығы артып, көрсеткен түрлі пішіндерді құрылыс кірпіштерді қолданып бір – бірінен қалыспай, дұрыс жасауға тырысады<br>өлең жолдарына қарай қимылдарды қайталап сергіп, көңіл – көтереді.<br><br>Өлең жолдарын қайталап айтып, көз жаттығуларын қызығушылықпен орындайды.<br><br>Қызығушылықпен берілген |

| | | |
|---|---|---|
| | Балалардың қызығушылығын арттырып «Қиылған суреттер» ойынына шақырып, бір бүтін сурет құрастыруын ұсыну. (т) | суреттерден бірдей суреттерді дұрыс табуға тырысады.<br><br>Бар зейінімен қиылған суреттерді дұрыс құрастыруға тырысып, жасайды. |
| Рефлексивті-түзетушілік | Балаларды «Қоштасу шеңберіне» шақыру және өз ойларымен бөлісуді ұсыну.<br>*Біз ақылды боламыз!*<br>*Біз дарынды баламыз!*<br>*Жақсылыққа үйір боп,*<br>*Бір туғанбыз бәріміз.* | Өздерінің ҰОӘ алған әсерлерімен бөліседі, өлең жолдарын қайталайды: |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**- құрылыс материалдарының бөліктерін және олардың қолданылу орнын.
**Игерді:**- бір бүтін суретті құрастыру үшін, керек бөліктерді дұрыс жинай алды.
**Жасай алады:**- заттарды олардың түр - сипатына қарай таныды, жұмбақтарды шешті;
- зейінін шоғырландырып жұп заттарды анықтады.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** № 2 «Не көрдің?»
**Мақсаты:**
- *баланың логикалық ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру,өлеңді ұйқастырып айту қабілетін жетілдіру;*
- *зейінін шоғырлауға ынталандыру;*
- *қолдың моторикасын дамыту;*
- *жауапкершілікке тәрбиелеу.*

**Құрал - жабдықтар:** санау таяқшалары, «Қиылған суреттер» ойыны әр балаға, суреттер.
**Билингвалды компонент:** лақ – козленок; керік – жираф; кірпі – ежик; жолбарыс – тигр.

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс әрекеті | Балалардың іс әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру<br>*Амансың ба, алтын күн.*<br>*Амансың ба, көк аспан.*<br>*Амансың ба, достарым,*<br>*Сендерді көрсем қуанам!*<br>олардың қызығушылығын арттырып, іздер арқылы жүріп, ұйқас жұмбақтары бар сиқырлы кітапты табуды ұсыну (т). | Балалар қуана қолдарын ұстап шеңберге тұрып, келесі өлең жолдарын қайталайды<br>Жерге төселген іздерді басып, ұйқас жұмбақтары бар кітапты іздеп табады. |
| Ұйымдастыру - іздестіру | Балаларды «Көкпар» сөзді – логикалық ойынмен қызығушылығын арттырып, жұмбақтардың жауабын ұйқастырып айтуын ұсыну (жеке)<br>*1. Жағасында бұлақ,*<br>*Жайылып жүр ....(лақ)*<br>*Маңайын түгел көріп,*<br>*Биіктен қарайды .....(Керік)*<br>*3.Бата алмас түлкі,*<br>*Үсті тікен .... (Кірпі)*<br>*4.Құйрығы он қарыс,*<br>*Бұл айбатты .....(жолбарыс)*<br>Жауаптарды екі тілде айтып үйренуді ұсыну<br><br>Балалардың есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында «не көрдің?» ойынын ойнауды ұсыну. (т) | Жұмбақтың айтылуына қарай жауабын ұйқастырып табуға талпынады<br><br>Жауаптарды екі тілде айтып үйреніп, қызығушылығы артады.<br><br>Суретте көрсетілген заттарға мұқият қарап алады. Көрсетілген |

| | | |
|---|---|---|
| | Қолдың кіші моторикаларына жаттығу жасауды ұсыну «Көңілді сырлаушылар»<br>*Мынау біздің сырлаушылар,*<br>*Сырлаушылар көңілді*<br>*Түрлі түске бояп шығар*<br>*барлық айтқан жеріңді.*<br>Балаларға алдымен санау таяқшаларынан берілген суретті құрастыруды және сол суреттегі затты суретке қарамай құрастырып беруді ұсыну (ж)<br><br>Балаларды «Африка» сергіту сәтіне шақыру<br>*Ой балалар, балалар.*<br>*Африкаға бармаңдар.*<br>*Африкада жылан бар,*<br>*Онда үлкен бақа бар.*<br>*Қолтырауын тағы бар,*<br>*Арыстан онда арс етсе*<br>*Қорқасың сен балақай..*<br><br>Балалардың зейінін дамытуға арналған жаттығу «Не көрдің» ойынын ұсыну (ж)<br><br>Балалардың қызығушылығын арттырып «Қиылған суреттер» ойынына шақырып, бір бүтін сурет құрастыруын ұсыну. (ж) | суретке қарамай, ол суретте не салынғанын айтып беруге тырысады. Қызығушылықпен саусақ жаттығуларын жасайды<br><br>Қызығушылықпен алдымен керекті таяқшаларды алады, суреттегі затты құрастырады және суретке қарамай ойша құрастыруға тырысады.<br><br>өлең жолдарына қарай қимылдарды қайталап сергін, көңіл – көтереді.<br><br>Берілген тапсырмадағы заттардың өзара айырмашылығын табуға тырысады<br><br>Бар зейінімен қиылған суреттерді дұрыс құрастыруға тырысып, жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивті-түзетушілік | Балаларды «Қоштасу шеңберіне» шақыру және өз ойларымен бөлісуді ұсыну.<br>*Біз ақылды боламыз!*<br>*Біз дарынды баламыз!*<br>*Жақсылыққа үйір боп,*<br>*Бір туғанбыз бәріміз.* | Өздерінің ҰОӘ алған әсерлерімен бөліседі, өлең жолдарын қайталайды: |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** - геометриялық пішіндердің жазық жерде көрсетеді.
**Игерді:** өлең жұмбақтарды тыңдап, ұйқас жауап тапты.
**Істей алады:** - санау таяқшалардан заттардың бейнесін салды;
- 5-6 бөліктен құралатын сурет құрады.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беру саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №3 «Болады - болмайды»
**Мақсаты:**
*- баланың логикалық ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру, балалардың ой - өрісін кеңейту;*
*- шынайы және қиялдан құралған оқиғаларды анықтауды үйрету, қиялдану қабілетін жетілдіру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- ойлау қабілетін қалыптастыру;*
*- көріп есте сақтау мен бөліктерден бір бүтін бейне шығару қабілетін жетілдіру*
*- белсенділікке тәрбиелеу.*
**Құрал - жабдықтар:** доп, қақпақтар жиынтығы, «құрастырма» ойыны
**Билингвалды компонент:** қайың – береза; қарағай – сосна; емен – дуб.

| **Әрекеттер кезеңі** | **Тәрбиешінің іс әрекеті** | **Балалардың іс әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақырып<br>*Достығымыз берік боп,*<br>*Бекітейік беріп қол.*<br>*Қуанышты шеңберге,*<br>*Қандай жақсы қол берген.*<br>«қалың қалай?» сұрағымен олардың қызығушылығын арттыру.<br><br>Сөзді - логикалық ойлауын дамыту мақсатында «Қамшытастар» ойынын ұсыну (т)<br>-*Орманда не көп: қояндар ма, әлде аңдар ма?*<br>- *Саша мен Әділ әр түсті курткаларға киінген: жасыл және көк. Сашаның курткасы көк емес, Әділ қандай түсті куртка киген?*<br>-*Орманда үш ағаш өсіп тұр: қайың, емен, қарағай. Қайың еменнен төмен өсіп тұр, емен қарағайдан төмен өсіп тұр. Қай ағаш ең биік? Қай ағаш ең аласа*? Жауаптарды екі тілде айтып үйренуге шақыру | Балалар қуана қолдарын ұстап шеңберге тұрып, келесі өлең жолдарын қайталайды<br><br>Балалар қызығушылықпен сұрақтарға шапшаң жауап беруге тырысады.<br><br>Жауаптарды екі тілде қызыға айтып үйренеді |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Балаларға «болады - болмайды» доппен ойналатын ойын ережесін түсіндіріп, ойынға шақыру (т)<br>Құста тұмсық болады ма?<br>Адамда қанат болады ма?<br>т.б. | Белсенділікпен ойынға кірісіп, таңдау жасайды: олар допты аталған оқиға болатын болса ғана тосады |

| | | |
|---|---|---|
| | Қолдың кіші моторикаларына жаттығу жасауды ұсыну «Көңілді сырлаушылар»<br>*Мынау біздің сырлаушылар,*<br>*Сырлаушылар көңілді*<br>*Түрлі түске бояп шығар*<br>*барлық айтқан жеріңді.*<br><br>Қақпақтардан «Гүл» бейнесін киялдан ойластырып жасауды ұсыну (ж)<br><br>«Үш аю» сергіту сәтіне шақыру<br>*Ормандағы үш аю,*<br>*қандай еді қарашы.*<br>*Әкесі оның үп – үлкен*<br>*Анасы одан орташа*<br>*Қонжық болса кішкентай*<br>*Ойнақ салар секіріп.*<br><br>Зейінін дамытуға арналған «Артық затты тап» ойынына шақыру (т)<br><br>«Құрастырма» ойынын ұсыну (ж)<br>(үй, саңырауқұлақ, күн, ағаш) | Қызығушылықпен саусақ жаттығуын өлең жолдарын қайталап отырып жасайды<br><br>Ойлау қабілетін жетілдіріп, киялдарынан түрлі - түсті қақпақтарды қолданып, гүлдердің бейнесін жасайды.<br>Қызығушылықпен аюды қимылдармен көрсетуге тырысады, көңіл көтеріп өлең жолдарын қайталайды<br><br>Суретке зейін қойып, артық затты табуға тырысады, тапқан затты түсіндіруге талпынады<br>Үлгі бойынша, түрлі пішіндерден құрастыруға қызығушылықпен кіріседі |
| Рефлекси вті-түзетушіл ік | «Қоштасу шеңберінде» балаларды өзара пікір бөлісуге шақыру, ұнаған ойындары туралы айтуды ұсыну, достық қарым – қатынасты күшейтуге тәрбиелеу | Өздеріне ұнаған ойындары туралы айтып, ойларымен бөліседі. Бір – бірімен сыйластық қарым – қатынаста болады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** шынайы және қиялдан құралған оқиғаларды ажырата білді.
**Игерді:** қақпақтардан бейне құрастыруға дағдыланды.
**Жасай алады:** ұсынылған заттардың ішінен артық затты, оның қасиеттеріне қарай анықтады;
- түрлі пішіндерден құрастыра алды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №4 «Шаршы құрастыр»
**Мақсаты:**
- *ұйқас сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой өрісін кеңейту;*
- *аталған үлгілерге антоним сөздерді дұрыс тауып айтуды қалыптастыру;*
- *қолдың моторикасын дамыту;*
- *көріп есте сақтау мен бөліктерден бір бүтін бейне шығару қабілетін жетілдіріп, жаттықтыру;*
- *белсенділікке тәрбиелеу.*

**Құрал - жабдықтар:** доп, қақпақтар жиынтығы, «Шаршы құра» ойыны
**Билингвалды компонент**: лақ – козленок; бұзау – теленок; бота - верблюженок

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру.<br>*Достығымыз берік боп,*<br>*Бекітейік беріп қол.*<br>*Қуанышты шеңберге,*<br>*Қандай жақсы қол берген*<br>Оларды «Қамшытастар» ойынында өздерін ақын болуды ұсыну<br>*Қойдың төлі – қозы,* | Балалар қуана қолдарын ұстап шеңберге тұрып, келесі өлең жолдарын қайталайды<br><br>Аталған өлең жолдарының жалғасын |

| | | |
|---|---|---|
| | *Ешкі төлі – лақ,, сиыр төлі – бұзау,*<br>*Түйе төлі – бота, жылқы төлі – құлын.*<br>*Білем десең, ұлым, қиыны жоқ мұның.*<br>Өлең жолдарында кездескен сөздерді екі тілде айтып үйренуді ұсыну | ұйқастырып жалғастырып айтуға тырысады.<br><br>Аталған сөздерді екі тілде айтып масаттанады |
| Ұйымдастыр у-іздестіру | Балалардың ойлау қабілетін жетілдіруге арналған «Керісінше айт» допты қолданып ойналатын ойынға шақыру (т) *Биік – аласа; ақ – қара; үлкен – кішкентай;батыр – қорқақ т.б.*<br><br>Қолдың кіші моторикаларына жаттығу жасауды ұсыну «Бір үйде біз нешеуміз?» *Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел, санайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым- атам,*<br>*Балаң үйрең – апам,*<br>*Ортан терек – әкем,*<br>*Шылдыр шүмек – анам.*<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Бір үйде біз бесеуміз.*<br>Түрлі – түсті қақпақтардан «жер құртының» бейнесін қиялдан ойластырып жасауды ұсыну (ж)<br><br>Сергіту сәтіне шақыру «Шымыр бол»<br>*Бойды бүкпей тік ұста,*<br>*Еркін тұрып тыныста.* | Қызығушылықпен допты тосып, аталған сөздерге антонимдерді табуға тырысады<br><br>Саусақ қимылдарымен, өлең жолдарын қайталайды<br><br>Шығармашылық қабілеттерін көрсете отырып, қақпақтардан аталған бейнені жасайды.<br><br>Өлең жолдарын қайталап, сергіп, көңіл көтереді. |

| | | |
|---|---|---|
| | *Жай оң қолды оң жаққа,*<br>*Жай сол қолды сол жаққа.*<br>*Екі шеңбер сызғандай*<br>*Қолды айналдыр сен ұрмай.*<br><br>Балаларды ойлау қабілетін жетілдіруге арналған «Ойлан тап» ойынында тапсырма орындауға шақыру (ж)<br><br>Балаларды дамыту орталығына «Шаршы құрастыр» ойынына шақыру (ж) | Берілген тапсырмалардан әр қатардан артық затты табуға тырысады және берілген заңдылыққа сәйкес қатарды жалғастырады<br><br>Қызығушылықпен бөліктерден бір бүтін шаршы құрастыруға тырысады, құрастырады. |
| Рефлексивті-түзетушілік | «Қоштасу шеңберінде» балаларды өзара пікір бөлісуге шақыру, ұнаған ойындары туралы айтуды ұсыну, бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу | Өздеріне ұнаған ойындары туралы айтып, ойларымен бөліседі. Бір – бірімен сыйластықта болады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «қарама – қарсы» аталған сөздердің мағынасын ажырата білді.
**Игерді:** бөліктерден бүтін үлгі құрау дағдыларын жетілдірді;
- Қақпақтарды қойған кезде тиянақтылық танытты.
**Жасай алады:** сөздердің ұйқасын тапты;
- бір – бірімен сыйластықта болды.

# ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №5 «Менің жартым, сенің жартың»
**Мақсаты:**
*-сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой- өрісін кеңейту;*
*- белгісіз затты,оның түр сипатын, қасиетін, белгілерін сипаттау арқылы тану қабілетін бекіту;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*-геометриялық пішіндерден үлгілер жасауға жаттықтыру;*
*- сыйластыққа тәрбиелеу.*
**Құрал - жабдықтар:** геометриялық пішіндер, «құрастырма» ойыны, «Шаршы құр - 2»
**Билингвалды компонент**: сағат – часы; бұлт – туча; жұмыртқа - яйцо

| **Әрекеттер кезеңі** | **Тәрбиешінің іс - әрекеті** | **Балалардың іс - әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивация лық-қозғаушыл ық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру.<br>*Қуан, шаттан, алақай!*<br>*Қуанатын күн келді.*<br>*Күліп шықты күн бүгін,*<br>*Қайырлы таң! Қайырлы күн!*<br>Балалардың қызығушылығын артып, қонаққа жұмсақ аю келгенін айтып оның алып келген базарлығын көруге шақыру.<br>«Орамал тастамақ» ойынында сөзді-логикалық ойлауын қалыптастыру<br>*-Сырт – сырт соғады, уақыт озады. (сағат)*<br>*-күнді жабады, жаңбыр болып жауады (бұлт)*<br>*-айдалада ақ отау, аузы мұрны жоқ отау (жұмыртқа)* | Қызығушылығы артып «Шаттық шеңберіне» тұрып, өлең жолдарын қайталайды<br><br>Қызығушылықпен келген аюға көңіл қойып қарайды. Оның алып келген жұмбақтарын шешіп, шешімдерін қазақ жөне орыс тілдерінде айтады |

| | | |
|---|---|---|
| | Жұмсақ аюға арнап жұмбақтардың шешуін екі тілде айтып беруін ұсыну | |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Балалардың тез ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында «Менің жартым – сенің жартың» ойынына шақыру, берілген сөздің бір буынын айту, қалғанын баланың айтуын күту. (т)<br>*Қас – қыр, қас – ық, тау – ық, қоң – ыр, шыр – ша, ба- қа, ба- лық*<br>Саусақ жаттығуына шақыру «Күн мен бұлт»<br>*Күн жарқырап шығады,*<br>*Шуақтарын шашады.*<br>*Жел әкелген бұлттар*<br>*Күннің бетін жабады.*<br>*Бұлттан кейін жаңбырлар*<br>*Сытырлап жерге тамады*<br>Балаларға айту бойынша геометриялық пішіндерден «бауырсақ» ертегісінің сюжетін құрастыруды ұсыну (ж)<br>Сергіту сәтіне шақыру «Қоян»<br>*Ұзын құлақ сұр қоян.*<br>*Естіп қалып сыбдырды,*<br>*Ойлы – қырлы жерлермен,*<br>*Ытқып – ытқып секірді.*<br>*Қарап еді артына,қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап, көжегі екен өзінің.*<br>Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында «Жұбын тап» ойынына шақыру (т)<br>Балаларды дамыту орталығында «Шаршы құр - 2» ойнына шақыру (ж) | Қызығушылықп ен аталған сөз буынының жартысын дұрыс айтуға тырысады, өздерінің дұрыс жауаптары үшін қуанып, белсенділіктерін арттыру.<br><br>Өлең жолдарын қайталап жаттығуды орындайды<br>Геометриялық пішіндерден, қызығушылығы артып сюжетті сурет құрастырады.<br><br>Өлең жолдарын қайталап түрлі қимылдар жасап көңіл көтереді.<br>Қызығушылығы артып, берілген тапсырмадан жұбын табуға талпынады<br><br>Қызығушылықп ен берілген |

| | | |
|---|---|---|
| | | пішіндерден, бар ынтасымен шаршы құруға талпынады, құрастырады |
| Рефлексивті-түзетушілік | Балаларды «қоштасу шеңберіне» шақырып, өзара пікір бөлісуге шақыру, ұнаған ойындары туралы айтуды ұсыну, бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу | Өздеріне ұнаған ойындары туралы айтып, ойларымен бөліседі. Бір – бірімен сыйластықта болады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**- Жұмбақ ретінде аталған заттардың түр сипатынан таныды.
**Игерді:** - геометриялық пішіндерден аталған заттарды құрастыруға дағдыланды.
**Жасай алады:** сөздердің ұйқасын тапты;
- бөліктерден бүтін зат шығарды.
-бір – бірімен сыйластықта болды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №6 «Сөздер тізбегі»
**Мақсаты:**
*- сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой - өрісін кеңейту;*
*- сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*-геометриялық пішіндерден үлгілер жасауға жаттықтыру;*
*- сүйіспеншілікке тәрбиелеу*

**Құрал - жабдықтар:** қарындаштар, таяқшалар, «Шаршы құр - 1», «Шаршы құр-2

**Билингвалды компонент**: балапан – цыпленок; тал – дерево; қалта – карман; дөңгелек – круг.

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру<br>*Қуан, шаттан, алақай!*<br>*Қуанатын күн келді.*<br>*Күліп шықты күн бүгін,*<br>*Қайырлы таң! Қайырлы күн!*<br>қызығушылығын арттыру «Көкпар» ойынында сөзді-логикалық ойлауын қалыптастыру. *-кәне , қайсы алақан, біз кішкентай (балапан)*<br>*-аралардың балы, бау – бақшаның (талы)*<br>*-аю отыр партада, екі қолы (қалтада)*<br>*-айгөлек – ау, айгөлек, айдың жүзі (дөңгелек)*<br>Аталған тапсырмадағы ұйқастарды екі тілде айтып үйренуді ұсыну | Қызығушылығы артып «Шаттық шеңберіне» тұрып, келесі өлең жолдарын қайталайды<br><br>Аталған өлең жолдарына келісті ұйқастарды табуға талпынады<br><br>Табылған ұйқас сөздерді екі тілде айтып үйренеді |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Балалардың есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында, «Сөздер тізбегі» ойынына шақыру, берілген суреттерді белгілері арқылы есте сақтауды ұсыну (т)<br><br>Саусақ жаттығуына шақыру «Күн мен бұлт»<br>*Күн жарқырап шығады,*<br>*Шуақтарын шашады.*<br>*Жел әкелген бұлттар* | Есте сақтау қабілеттерін дамытып, 4,5 суретті, белгісі арқылы есте сақтауға тырысады, танымдылық дағдыларын кеңейтеді, мысалы:<br>□ -алма ; |

| | | |
|---|---|---|
| | *Күннің бетін жабады.*<br>*Бұлттан кейін жаңбырлар*<br>*Сытырлап жерге тамады*<br>Балаларға санау таяқшаларынан үлгіде көрсетілген бейнені құрастыруды және сол бейнені суретке қарамай ойша құрастыруды ұсыну (ж)<br>Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында, тест тапсырмаларын орындауды ұсыну (№3 таб. 2б) (ж)<br><br>Сергіту сәтіне шақыру «Қоян»<br>*Ұзын құлақ сұр қоян.*<br>*Естіп қалып сыбдырды,*<br>*Ойлы – қырлы жерлермен,*<br>*Ытқып – ытқып секірді.*<br>*Қарап еді артына,қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап, көжегі екен өзінің.*<br>Балаларды дамыту орталығына шақырып, есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында, «Шаршы құр - 1» «Шаршы құр - 2» ойындарын құрастыруды ұсыну (ж) |  - машина;<br>т.б.<br>Өлең жолдарын қайталап, саусақтарымен жаттығуды орындайды<br><br>Қызығушылықпен керек таяқшаларды санап алып, таяқшалардан бейнені көзбен көріп және ойша құрастыруға тырысады<br><br>Ойланып тест тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды<br>Өлең жодарын қайталап түрлі қимылдар жасап көңіл көтереді.<br>Қызығушылықпен , бар ынтасымен шаршыларды құрастыруға талпынады, құрастырады. |
| Рефлексивті-түзетушілік | Балаларды «Қоштасу шеңберіне» шақырып, балаларды өзара пікір бөлісуге шақыру, ұнаған ойындары туралы айтуды ұсыну | Өздеріне ұнаған ойындары туралы айтып, ойларымен бөліседі. Бір – бірімен сыйластықта болады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:-** бес –алты суреттен құралған сөз тізбегін жатқа айтты, сөздердің ұйқасын тапты.

**Игерді:** - заттардың айырмашылығын анықтап, белгілей алды.

**Жасай алады:** есте сақтай отырып бөліктерден бүтін пішін құрастырды

- бір – бірімен сыйластықта болды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №7 «Пантомима»
**Мақсаты:**
*- сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой - өрісін кеңейту;*
*- белгісіз затты,оның түр сипатын, қасиетін, белгілерін сипаттап, мимика арқылы тану қабілетін бекіту;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- жаңа дамыту ойынымен таныстыру;*
*- бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*
**Құрал - жабдықтар:** сым, «Монгол ойыны»
**Билингвалды компонент**: шырша бүртігі – шишка; апта – неделя; сурет – рисунок.

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, қызығушылығын арттырып, Қуыршақ Кәмшат әкелген қамшымен «Қамшытастар» сөзді-логикалық ойынын ойнауды ұсыну.<br>*- Аюда 4 шырша бүртігі бар еді. Сосын ол тағы 1 бүртік тауып алды. Аюда қанша бүртік болды? (5)* | Қызығушылықпен «Шаттық шеңберіне» тұрады, бір – біріне сыйластықтарын білдіреді. Ортаға келген Кәмшат қуыршақты қарсы алады. «Қамшытастар» |

| | | |
|---|---|---|
| | *- Гүлім 2 сурет салды, ал Марат 1 салды. Балалар барлығы неше сурет салды?*<br>*- Бір аптада неше күн бар? Атап шық.*<br>Кездескен таныс емес сөздерді екі тілде айтып үйренуді ұсыну (т) | ойынында қойылған сұрақтарға қызыға жауап беруге талпынады<br><br>Аталған есептегі сөздерді екі тілде айтып үйренеді |
| ымдасты үйлестіру | Балалардың қиялын және әртістік қабілетін дамыту мақсатында «Пантомима» ойынына шақыру (т)<br>поезд, машина, шәйнек, ұшақ немесе кимылмен жуыну,сурет салу .<br><br>Саусақ жаттығуына шақыру «Қонаққа»<br>*Саусақтар бәрі бірігіп*<br>*Қонаққа енді жиналды*<br>*Саусақтарды атайық*<br>*Бәріміз енді бірігіп*<br>*Басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.*<br><br>Балалардың қызығушылығын арттырып, сымнан қиялындағы неше түрлі бейне – пішіндерді құрастыруды ұсыну (ж)<br><br>Сергіту сәтіне шақыру: «Мысық пен тышқан»<br>*Мысық, мысық ұйықтайды.*<br>*Керіледі тұрмайды.*<br>*Тышқан, тышқан шығады*<br>*Ақырындап інінен.*<br>*Мысық сезсе тышқанды,* | Балалар қызығушылықпен өз бетімен түрлі заттарды қолдың қимылдарымен, мимикалармен, дауыстармен бір-біріне жасырады<br><br>Өлең жолдарын қайталап, жаттығуды орындайды<br><br>Қиялдарын арттырып, қызыға түрлі пішіндерді құрастыруға тырысады, жасайды<br><br>Өлең жолдарын бірге қайталап, қимылдарды көрсетіп, сергіп, көңіл көтереді<br><br>Қызығушылықпен |

| | | |
|---|---|---|
| | *Шап беріп оны ұстайды*<br><br>Есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында балаларды «Ханталапай» ойын сәтіне шақыру (т)<br>«Сөз тізбегін жалғастыр және оны бір сөзбен ата»<br>*Құмырсқа, қоңыз, инелік, ара (жәндіктер)*<br>*Сиыр, бұзау, жылқы, қой (Үй жануарлар)*<br>*Нан, торт, қант, (жіп). Алма, алмұрт, апельсин, (құлпынай)*<br><br>«Не артық және неліктен?» Дамыту ойындар орталығына шақыру жаңа «Монгол ойынымен таныстыру, құрастыруды ұсыну (ж) | сөз тізбегін жалғастырады, артық затты анықтап, олардың қай топқа жататынын дұрыс айтып беруге тырысады.<br><br>Қызығушылықпен жаңа ойынмен танысады, өз бетімен «Түйе» бейнесін құрастыруға тырысады |
| Рефлексивті - түзетушілік | Балаларды «Қоштасу шеңберіне» шақырып, өзара пікір бөлісуге шақыру, ұнаған ойындары туралы айтуды ұсыну, достық қарым – қатынасты күшейтуге шақыру | Өздеріне ұнаған ойындары туралы айтып, ойларымен бөліседі. Бір – бірімен сыйластықта болады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:-** белгісіз заттың белгілерін сипаттап, мимика арқылы тани білді.

**Игерді:** -қиылған бөліктерден нақты пішінді құрастырды;
-сымнан түрлі бейнелерді құрастыруға дағдыланды.

**Жасай алады:** сөз тізбегін жалғастырып, бір сөзбен айта білді;
-бір – бірімен сыйластықта болды.

# ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беру саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №8 «Мен фотоаппаратпын»
**Мақсаты:**
*- сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой өрісін кеңейту;*
*- көру есте сақтау қабілетін қалыптастыру;*
*- бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- табысқа жетуге ұмтылуға тәрбиелеу*
**Құрал - жабдықтар:** санау таяқшалары, түрлі суреттер, «Монгол ойыны»
**Билингвалды компонент**: базар- рынок; кек – месть; оқы – учись; дос – друг.

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация лық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, «Көкпар» ойынында сөзді-логикалық ойлауын қалыптастырып, қызығушылығын арттыру -<br>*Кекшіл болма, көпшіл (бол)*<br>*-Балалы үй базар, баласыз үй (мазар)*<br>*-ойна да күл, оқы да (біл)*<br>*-күлме досыңа, келер басыңа*<br><br>Балалардың қалауына қарай білмейтін сөздерді екі тілде айтып үйренуді ұсыну | «Шаттық шеңберіне» тұрады, мақал – мәтелдердің жалғасын дұрыс айтуға талпынып, қызығушылығы артады.<br><br>Аталған сөздерді екі тілде қайталап, үйренеді |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Балалардың көріп есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында «Мен фотоаппаратпын» ойынын ойнауды ұсыну (т) | Өздерін фотоаппарат болып сезінеді, заттарды суретке түсіреді: |

| | | |
|---|---|---|
| | Саусақ жаттығуына шақыру «Қонаққа»<br>*Саусақтар бәрі бірігіп*<br>*Қонаққа енді жиналды*<br>*Саусақтарды атайық*<br>*Бәріміз енді бірігіп*<br>*Басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.* | көріп есте қалған суреттегі заттарды толық айтып беруге тырысады<br><br>Өлең жолдарын қайталап, жаттығуды орындайды |
| | Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында санау таяқшаларымен қызықты тапсырмаларды орындауды ұсыну (ж)<br>*- 5 санау таяқшасынан 2 бірдей үшбұрышты құрастыр;*<br>*-5 санау таяқшасынан шаршы және 2 бірдей үшбұрыш құрастыр*<br>*-7 таяқшадан 2 бірдей шаршы құрастыр.* | Аталған тапсырмаларды қызығушылығы артып дұрыс орындауға тырысады<br><br>Өлең жолдарын бірге қайталап, қимылдарды көрсетіп, сергіп, көңіл көтереді |
| | Сергіту сәтіне шақыру «Мысық пен тышқан»<br>*Мысық, мысық ұйықтайды.*<br>*Керіледі тұрмайды.*<br>*Тышқан, тышқан шығады*<br>*Ақырындап інінен.*<br>*Мысық сезсе тышқанды,*<br>*Шап беріп оны ұстайды* | Зейін қойып қарап, суреттегі жасырын берілген затты анықтап, оны қуана бояп шығады. |
| | Зейінін қалыптастыру мақсатында балаларға тест тапсырмасын ұсыну (№1тап) (ж)<br><br>Дамыту орталығына шақырып, бөліктерден бүтін пішін | Қызығушылықпен, өз бетімен үлгіге қарап «Есек» бейнесін құрастырады және есте сақтау қабілетін |

| | | |
|---|---|---|
| | құрастыруды ұсыну «Монгол ойыны» (ж) | жетілдіріп «Түйе» бейнесін құрастыруға тырысады Өзіне сеніп бейнені үлгіге қарап дұрыс құрастыруға талпынады |
| Рефлексивті - түзетушілік | Балаларды «Қоштасу шеңберіне» шақырып, өзара пікір бөлісуге шақыру, ұнаған ойындары туралы айтуды ұсыну, сыйластыққа тәрбиелеу | Өздеріне ұнаған ойындары туралы айтып, ойларымен бөліседі. Бір – бірімен сыйластықта болды |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «Монғол дамыту ойынының» құрамын, құрастыра білді.
**Игерді:** Логикалық тапсырмаларды игере алды.
**Жасай алады:** ұйқастырма сөздерді дұрыс тапты;
- бір – бірімен сыйластықта болды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беру саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №9 «Көзілдірік»
**Мақсаты:**
*- сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой - өрісін кеңейту;*
*- көру есте сақтау қабілетін қалыптастыру,графикалық сызбаға жаттықтыру;*
*- сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*

*- бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*

**Құрал - жабдықтар:** санау таяқшалары, «Колумбо жұмыртқасы» ойыны, көлемді суреттер

**Билингвалды компонент**: тіл – язык; тасбақа – черепаха; шаңғы лыжи.

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру,<br>*Кел балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Күлкі көңіл ашады,*<br>*Күліп өмір сүрейік!*<br>«орамал тастамақ» ойынында сөзді-логикалық ойлауын қалыптастыру<br>*-аузыңда да тұрса да, жұта алмайсың (тіл)*<br>*-аяғы бар, басы бар, арқалаған тасы бар. (тасбақа)*<br>*-табаныма байладым, қос таяқпен айдадым. (шаңғы)*<br>Жұмбақтың жауаптарын екі тілде айтып үйренуді ұсыну | «Шаттық шеңберіне» тұрады,<br>жұмбақтардың шешімін табуға талпынады, қызығушылығы артады<br>жауаптарды екі тілде айтады |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Балалардың көріп есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында «Көзілдірік» ойынын ойнауды ұсыну (т)<br>Саусақ жаттығуына шақыру «Жылқылар<br>*Жүйрік аттар шауып шықты.*<br>*Шауып шықты жүгіріп.*<br>*Тұяқтарын тоқылдатып,*<br>*асау кейіп танытып.* | Берілген суретке қарап есте сақтап алады, содан кейін көзілдірік киін екі бірдей суретке қарап көргенде қандай айырмашылық барын анықтайды<br>Өлең жолдарын |

| | | |
|---|---|---|
| | *Бір – бірімен бас тіркесіп, қойды олар ысқырып.*<br><br>Қиялдану қабілетін жетілдіру мақсатында санау таяқшалардан «зымыран» құрастыруды ұсыну (ж)<br><br>Сергіту сәтіне шақыру «Балақан»<br>*Бала – бала – балақан кәне қайсы алақан? Саусақтарың әйбәт, былай – былай ойна. Топ – топ басамыз, жалаудан күн жасаймыз, жаса – жаса алтын күн . жаса – жаса жарқын күн*<br><br>Логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру мақсатында балаларға «Төртінші артық?» ойынын ұсыну (т)<br><br>Балаларға графикалық жаттығуды орындауды ұсыну (ж)<br><br>Дамыту орталығына шақыру, бөліктерден бүтін пішін құрастыруды ұсыну «Колумбо жұмыртқасы» ойыны (ж) | қайталап, саусақ жаттығуларын орындайды<br><br>Қызығушылығы артып, қиялын іске асырып «зымыранды» таяқшалардан құрастыруға тырысады<br><br>Қызығушылықпен сергіту сәтіндегі барлық жаттығуды орындайды, өлеңді қайталайды<br>Қызыға суреттерді қарап, заттарды топтастырып, артық затты анықтап, бір сөзбен қалай аталатынын айтуға тырысады<br><br>Қызығушылықпен , өз бетімен үлгіге қарап заттарды бастырып салады.<br><br>өз бетінше бір бүтін сурет құрастыруға тырысады . |
| Рефлексивті-түзетушілік | Балаларды «Қуаныш шеңберіне» шақырып, өзара пікір бөлісуге шақыру, ұнаған | Өздеріне ұнаған ойындары туралы айтып, ойларымен |

| | | |
|---|---|---|
| | ойындары туралы айтуды ұсыну, бір – бірін сыйлауға тәрбиелеу | бөліседі. Бір – бірімен сыйластықта болды |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «қиылған суреттер» құрамын, құрастыра білді;

- графикамен жұмыс жасай білді.

**Игерді:** суреттегі артық затты тауып, анықтады;

- жұмбақтарды шеше алды.

**Жасай алады:** - барлық тапсырмаларды орындай алды;

- бір – бірімен сыйластықта болды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №10 «Ол не?»
**Мақсаты:**
*- сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой - өрісін кеңейту;*
*- көру есте сақтау қабілетін қалыптастыру;*
*- бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- табысқа жетуге ұмтылуға тәрбиелеу*
**Құрал - жабдықтар:** санау таяқшалары, «Сиқырлы себет ойыны»
**Билингвалды компонент**: төмен – ниже, низкий; кеш – поздно; кіші - младше

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, қызығушылығын арттыру, «Қамшытастар» ойынында сөзді-логикалық ойлауын қалыптастыру | «Шаттық шеңберіне» тұрады.<br><br>Қызығушылықпен жұмбақтардың шешімін табуға |

| | | |
|---|---|---|
| | *-Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық үстелден қандай? (төмен)*<br>*-Егер Марат үйінен Санжардан бұрын шықса, онда Санжар үйінен Мараттан ? (кеш шықты)*<br>*-Егер әпкесі інісінен үлкен болса, онда інісі әпкесінен (кіші)*<br>шешімін екі тілде айтуды ұсыну | талпынады<br><br>Жұмбақтардың шешімін екі тілде айтады |
| …ымдасты<br>…іздестіру | Балалардың қиялдауын дамыту мақсатында «ол не?» ойынын ұсыну (т)<br>Балаларға төмендегі заттардың суретін берін, бір – біріне көрсетпей жасыруды ұсыну: алма, қызанақ, кітап, түйе, сиыр, қуыршақ, машина, балмұздақ.<br><br>Саусақ жаттығуына шақыру «Торғай»<br>*Торғай, торғай тоқылдақ*<br>*Жерден тары шоқып ап,*<br>*Бөтекесі бұлтиып,шиқ –шиқ етіп отырмақ*<br>Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында санау таяқшаларымен қызықты тапсырмаларды орындауды ұсыну (ж)<br>*-6 таяқшадан үй құрастырып, 2 таяқшаның орнын ауыстырғанда жалауша шығару.*<br>*-суреттегідей үй құрастыру, ондағы 1 таяқшаның орнын* | Қиялдарын жетілдіріп, берілген тапсырмалардағы суреттерді, сол суреттің қасиетін , түр сипатын т.б. айтып бір – біріне жасырады<br><br>Өлең жолдарын қайталап,саусаққа арналған жаттығуларды орындайды<br><br>Қызығушылықпен тапсырмаларды орындауға тырысады |

| | | |
|---|---|---|
| | *өзгерткенде үй екінші жағына қарау керек*<br><br>Сергіту сәтіне шақыру «Буратино»<br>*Біз ағаштан жасалған*<br>*Қуыршақ болып көрейік*<br>*Қолымызды алға созып,*<br>*Артқа созып көрейік.*<br>*Қатты – қатты керіліп*<br>*Алтын кілтті алайық.*<br>*Мұрным ұзын ағаштан,*<br>*мен боламын бу-ра-ти-но.*<br><br>Балалардың есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында «айырмашылығын тап» ойынына шақыру (т)<br><br>Графикалық жаттығу «пішінді салып бітір» (ж)<br><br>«Дамыту орталығына» шақыру, бөліктерден бүтін пішін құрастыруды ұсыну «Сиқырлы себет» (ж) | Қызығушылықпен сергіту сәтіндегі барлық жаттығуды орындайды, өлеңді қайталайды<br><br>Қызығушылықпен берілген суреттердің айырмашылығын айтып, беруге тырысады<br><br>Қызығушылықпен, өз бетімен үлгіге қарап берілген пішіндерді салып бітіруге тырысады<br><br>Қызығушылықпен үлгіге қарап, барлық пішіндерді атап шығып орындарын тауып, берілген пішіндерді құрастырады |
| Рефлексивті-түзетушілік | Балаларды «қоштасу шеңберіне» шақырып, балаларды өзара пікір бөлісуге шақыру, ұнаған ойындары туралы айтуды ұсыну | Өздеріне ұнаған ойындары туралы айтып, ойларымен бөліседі. Бір – бірімен сыйластықта болды |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «Монгол ойынының» құрамын, құрастыра білді.

**Меңгерді:** таяқшалармен тапсырмаларды орындады;

графикамен жұмыс жасау қабілетін жетілдірді.

**Жасай алады:** - сұрақтарға дұрыс жауап тапты;

- суреттердің айырмашылығын тапты;
- бір – бірімен сыйластықта болды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беру саласы:** «Вариативті»

**Бөлімі:** «Логика»

**Тақырыбы:** №11 «Сөз отауы»

**Мақсаты:**

*Білімділік – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*

*сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру,*

*балалардың ой - өрісін кеңейту;*

*зейін, есте сақтау қабілетін қалыптастыру;*

*сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*

*бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*

*қолдың моторикасын дамыту;*

*сыйластыққа тәрбиелеу*

**Құрал - жабдықтар:** бау, «Танграм ойыны»

**Билингвалды компонент**: балық – рыба; тасбақа – черепаха; бақа- лягушка; өрмекші – паук.

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, қызығушылығын арттыру, «Көкпар» ойынында сөзді-логикалық ойлауын қалыптастыру,<br>-мөлдір суда тұнық, жүзіп жүр бір (балық) | Қызығушылығы артып «Шаттық шеңберіне» тұрады.<br>Өлең-жұмбақтарға келісті ұйқастарды |

| | | |
|---|---|---|
| | -арқалап жүр бір тасты, жайлап жүріп (тасбақа)<br>-тастан тасқа секіреді, лаққа ұқсаған (бақа)<br>-торын құрып өрнектеп, өрмелейді (өрмекші)<br><br>шешімін екі тілде айтып беруді ұсыну | табуға талпынады |
| Ұйымдасты ру-іздестіру | Есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында «Сөз отауы» ойынына шақыру (т) Балаларға 5 -6сөз тізбектеп айтады, және тізбекті 10ға дейін көтеруд ұсыну<br><br>Саусақ жаттығуына шақыру «Торғай»<br>*Торғай, торғай тоқылдақ*<br>*Жерден тары шоқып ап,*<br>*Бөтекесі бұлтиып,*<br>*шиқ –шиқ етіп отырмақ*<br>Балалардың қиялдау қабілетін жетілдіру мақсатында баумен жұмыс жасауды ұсыну (ж)<br>Сергіту сәтінде дыбыстау терапиясына шақыру «Себеп»<br>*«уһ» дедім, «Туһ» дедім, «Ой!» дедім, «Ах!» дедім, «Ех!» дедім, «О!» дедім, «И!» дедім, «Е!» дедім. Мен неге өйттім? Кім айтар себебін?*<br>*Шаршадым «Уһ»дедім.*<br>*Ренжідім «Туһ»дедім,*<br>*Қорықтым «Ой» дедемі,*<br>*Өкіндім «Ах»дедім,*<br>*Шарасыз «Ех» дедім*<br>*Таңырқап «О»дедім*<br>*Кейдім «И»дедеім* | Берілген схема бойынша сөздерді есте сақтап, тізбектеп айтып беруге тырысады<br><br>Барлығы бірге қызығушылықпе н «Торғай» жаттығуын орындайды<br><br>Балалар бауды саусақтарына іліп, түрлі пішіндер жасап, бір – бірімен алмасады.<br>Сергіту сөтінде көңілденіп, сөздерді дауыстап айтады<br><br>Қызығушықпен тест тапсырмаларды орындауға тырысады |

| | | |
|---|---|---|
| | *Біліп ап «Е» дедім.*<br><br>Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында тест тапсырмалар орындауға шақыру (3б 2-3) (ж)<br><br>Дамыту орталығында жұмыс жасауға шақыру «Танграм ойынымен» танысып құрастыруды ұсыну (ж) | Қызығушылықпен жаңа ойынмен танысып, пішіндерін қарастырып, өз бетімен үлгіге қарап құрастыруға тырысады |
| Рефлексивті-түзетушілік | Өздеріне ұнаған ойындары туралы сұрау, талпынған балаларды атап өту, «Қоштасу шеңберіне» шақыру | Өздерінің жеткен жетістіктерімен мақтанады, ұнаған ойындарын атайды, «Қоштасу шеңберіне» жиналады, көңілденеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** 10 -12 сөзден тұратын сөз тізбегін есте сақтады.
**Игерді:** тест тапсырмаларды дұрыс орындай алды;
- Бпумен жұмыс істеп үйренді.

**Жасай алады:** «Танграм ойынын» құрастырды.

## №12 ЛОГИКАЛЫҚ САЙЫС «БӘЙГЕ»

**Мақсаты:** - алған білімдерін бекіту;

*- сөзді-логикалық ойлауын белсендіру, затты сипатына қарай тауып айтуға жаттықтыру;*

*- қол моторикасы мен көріп есте сақтау қабілетін жаттықтыр;*

*- заттарды талдау және іріктеуге жаттықтыру;*

*- есте сақтау қабілетін дамыту.*

**Құрал-жабдықтар:** санау таяқшалары, «Монгол ойыны», қарындаштар.

**Сайыс барысы:**

Топ екі топқа бөлінеді «Білгіштер» мен «Алғырлар». Әр бір дұр жауабы үшін топ бір фишкадан алады

**1 бөлім «Ұйқастырма»**

*1. Жағасында бұлақ,*
*Жайылып жүр ....(лақ)*

*2. Маңайын түгел көріп,*
*Биіктен қарайды .....(Керік)*

*3.Бата алмас түлкі,*
*Үсті тікен .... (Кірпі)*

*4.Құйрығы он қарыс,*
*Бұл айбатты .....(жолбарыс*

**2 бөлім «Тез тауып айт»**

*1.Ақылшы дос балаға,*
*Жақсы серік ағаға. Үндемейді ол саған, Білгір, бірақ бағала.(кітап*

*2. Біреу тістеніп тұр,*
*Оған біреу күш беріп тұр. (кемпірауыз)*

*3. Үй ішінен табасың,*
*Тамаққа да саласың. (бұрыш)*

**3 бөлім «Әсем саусақтар»**

**Саусақ жаттығуы «ЧЕМПИОН»**

Таяқшаны шашып мен
Санап жинап аламын
Қайта соны қайталап
Күшті болып шығамын

**Тапсырма:** санау таяқшаларынан кірпі мен тышқанды құрастыру

**4 бөлім «Ойлан, тап»**
Логикалық ойлауын дамытуға арналған жаттығулар
«Артық затты ата»
«Екі бірдей затты тап»
«Ауыр жеңіл заттарды анықта»

**Сергіту**

Сергіту сәтінде дыбыстау терапиясына шақыру «Себеп» *«уһ» дедім, «Туһ» дедім, «Ой!» дедім, «Ах!» дедім, «Ех!» дедім, «О!» дедім, «И!» дедім, «Е!» дедім. Мен неге өйттім? Кім айтар себебін?*
*Шаршадым «Уһ»дедім.*
*Ренжідім «Туһ»дедім,*
*Қорыққым «Ой» дедемі,*
*Өкіндім «Ах»дедім,*
*Шаршадым «Ех» дедім*
*Таңырқап «О»дедім*
*Күлдім «И»дедеім*
*Біліп ал «Е» дедім.*

**5 бөлім «Есте сақта»**
**Тапсырма:** сөздерді есте сақтап, тізбектеп жалғастыр :
үстел, үй, банан, кәмпит, нан, машина

**6 бөлім «Құрастырғыштар»**
**Тапсырма :** «Монгол ойынын» пайдаланып ойша «мысық» пен «көбелекті» құрастыр

**Жеңімпаздарды марапаттау.**

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беру саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №13 «Суретті есте сақта»
**Мақсаты:**
*- сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- сөздерді мағынасына қарай тез табу қабілетін жетілдіру, балалардың ой - өрісін кеңейту;*

*- көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру;*
*- сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- жаңа дамыту «Танграм» ойынын үйрену;*
*-сыйластыққа тәрбиелеу*

**Құрал - жабдықтар:** санау таяқшалар жинағы, «Танграм» ойын

**Билингвалды компонент**: өрмекші – паук; күн – солнце; пияз – лук; қоңырау - звонок

| **Әрекеттер кезеңі** | **Тәрбиешінің іс - әрекеті** | **Балалардың іс - әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, «Орамал тастамақ» ойынында сөзді-логикалық ойлауын қалыптастыру. - *Торын құрып қояды, шыбындарды жояды (өрмекші)*<br>*-Таңмен көзін ашады, әлемге нұрын шашады (Күн)*<br>*-Жесең ащы, көзіңнен шығарар жасты (пияз)*<br>*-Темір тілді сыңғыр үнді (қоңырау)*<br>Жұмбақтардың шешімін екі тілде айтуды ұсыну | «Шаттық шеңберіне» тұрады. Қызығушылығы артып жұмбақтарды шешуге талпынады |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Балаларың көріп есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында «Суретті есте сақта» ойынын ұсыну (10 дейін), қажетінде суреттердің орнын ауыстырып, жаңа жолды есте сақтауды ұсыну (т)<br><br>Саусақ жаттығуға шақыру «Қонақта», | Берілген суреттерді есте сақтап, атап береді, күрделенген түріне қалауына қарай қатысады Суреттерді кезекпен есте сақтайды<br><br>Өлең жолдарын қайталап, жаттығуды |

| | |
|---|---|
| *Саусақтар бәрі бірігіп*<br>*Қонаққа енді жиналды*<br>*Саусақтарды атайық*<br>*Бәріміз енді бірігіп*<br>*Басбармақ, балан үйрек,*<br>*ортан терек, шылдыр*<br>*шүмек, кішкентай бөбек* | орындайды |
| Үлгі бойынша санау таяқшаларынан «Бұқаны» бейнелеуді ұсыну (ж)<br>Сергіту сәтіне шақыру «Африкада»<br>*Ой балалар, балалар.*<br>*Африкаға бармаңдар.*<br>*Африкада жылан бар,*<br>*Онда үлкен бақа бар.*<br>*Қолтырауын тағы бар,*<br>*Арыстан онда арс етсе*<br>*Қорқасың сен балақай..* | үлгіге қарап «Бұқаның» бейнесін құрастырады<br>Сергіп, көңілденеді, қимылын қайталайды |
| Балалардың ойлану қабілетін жетілдіру мақсатында «Ханталапай» ойынына шақыру (т)<br>1. «Бір сөзбен ата» ойынында аталған сөздерді қайталап шығуды ұсыну және оның қай топқа жататынын айтуды ұсыну:<br>*Құмырсқа, қоңыз, инелік, ара (жәндіктер)*<br>*Сиыр, бұзау, жылқы, қой (Үй жануарлар)*<br>*«не артық және неліктен?»*<br>*Нан, торт, қант, (жіп).*<br>*Алма, алмұрт, апельсин, (құлпынай).* | Ойынға белсенді қатысып, барлық берілген тапсырмаларды орындайды<br><br>Қызығушылықпен |

| | | |
|---|---|---|
| | 2. «Не артық және неліктен?» ойынында артық затты анықтауды ұсыну<br><br>Дамыту орталығына шақыру, «Танграм» ойыны (ж) | үлгіге қарап берілген бейнені құрастыруға тырысады |
| Рефлексивті-түзетушілік | «Қоштасу шеңберіне» шақыру Өздеріне ұнаған ойындары туралы сұрау, талпынған балаларды атап өту, | «Қоштасу шеңберіне» жиналады, көңілденеді.Өздерінің жеткен жетістіктерімен мақтанады, ұнаған ойындарын атайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «Тангарм» ойынының құрамын.

**Игерді:** Көрсетілген суреттерді есте сақтап қатарын дұрыс атауға дағдыланды.

**Жасай алады:** - қойылған тапсырмаларға жылдам жауап берді;
- үлгі бойынша санау таяқшаларынан бейнені құрастырды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №14 «Мен досыма сыйладым»
**Мақсаты:**
*- сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру;*
*- сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*
*- бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*

**Құрал - жабдықтар:** қақпақтар жинағы, қарындаштар, «Пифагор» ойыны

**Билингвалды компонент:** мезгіл – время; ай – месяц; апта – неделя; қар – снег.

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, олардың сөйлеу дағдыларын жетілдіру мақсатында «Қамшытастар» ойынын ұсыну .<br>*-бір жылда неше мезгіл бар?*<br>*-бір мезгілде неше ай бар?*<br>*-бір аптада неше күн бар?*<br>*-апта күндерін ата?*<br>*-Қай мезгілде қар жауады?*<br>Белгісіз сөздерді екі тілде айтуды ұсыну | «Шаттық шеңберіне» катысады, өздерінің көңілдерімен бөліседі, берілген сұрақтарға толық жауап беруге талпынады,<br><br>сөздерді екі тілде айтып үйренеді. |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Сөздік қатарды есте сақтау дағдысын қалыптастыру мақсатында «Мен досыма сыйладым» ойынына шақыру (т)<br>Саусақ жаттығуына шақыру «Мысық»<br>*Пеш үстінде мысық отыр,*<br>*Аздап көзін қысып отыр*<br>*Тышқан етін жегісі кеп*<br>*оның тісі қышып отыр*<br><br>Қақпақтардан «Қолшатыр» бейнесін құрауды ұсыну (ж)<br>Сергіту сәтіне шақыру «Буратино»<br>*Біз ағаштан жасалған*<br>*Қуыршақ болып көрейік*<br>*Қолымызды алға созып,*<br>*Артқа созып көрейік.*<br>*Катты – қатты керіліп* | Достарына сыйлағысы келген заттардың барлығын кезектеп айтады, айтылған сөздерді бірінен кейін бірі жалғастырып өздері жаңа сөз қосып отырып қайталайды, тапсырманы қызығушылықпен орындайды сөздерді есте сақтап қалуға тырысады<br><br>Өлең жолдарды қайталап, саусақ жаттығуын |

| | | |
|---|---|---|
| | *Алтын кілтті алайық.*<br>*Мұрным ұзын ағаштан,*<br>*мен боламын бу-ра-ти-но*<br>Балалардың ойлау жылдамдығын жетілдіру мақсатында «Ханталапай» ойынына шақыру<br>1. Құстардың балапандарын қалай атайды?<br>2.Жетіспей тұрған пішіндерді атауды ұсыну «Бос торда не болу керек?» (т)<br><br>Дамыту орталығына шақыру, жаңа «Пифагор» ойынының құрамымен таныстыру, құрастыруды ұсыну (ж) | орындайды<br>Түрлі түсті қақпақтардан қолшатыр бейнесін құрастыруға тырысады<br><br>Қызығушылықпен сергіту сәтіндегі барлық жаттығуды орындайды, өлеңді қайталайды<br><br>Ойынға белсенді қатысып, барлық берілген тапсырмаларды орындайды<br>Жаңа ойын құрамын қызығушылықпен қарастырып, «Пифагор» ойынының шаршысын құрастыруға тырысады. |
| Рефлексивт і-түзетушілі к | Өздеріне ұнаған ойындары туралы сұрау, талпынған балаларды атап өту, «Қоштасу шеңберіне» шақыру, сыйластыққа тәрбиелеу | Өздерінің жеткен жетістіктерімен мақтанады, ұнаған ойындарын атайды, «Қоштасу шеңберіне» жиналады, көңілденеді, бір-бірімен сыйластықта болады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «Пифагор» ойынын.

**Игерді:** достарына сыйлайтын сыйлық атауларын.

**Жасай алады:** берілген нақты ереже бойынша сөздердің тізбегін атады;

- пішіндерден құрастыра алды;
- бір – бірімен сыйластықта болды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беру саласы:** «Вариативті»

**Бөлімі:** «Логика»

**Тақырыбы:** №15 «Лабиринт»

**Мақсаты:**

- *берілген жағдайды оңай шешіп шығуға үйрету;*
- *сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
- *көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру;*
- *сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*
- *бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
- *қолдың моторикасын дамыту;*
- *бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*

**Құрал - жабдықтар:** қарындаштар, «Пифагор» ойыны, «Лабиринт» ойындары

**Билингвалды компонент**: табақ – чашка; орман – лес;себет – корзина; немере - внук

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, қызығушылығын арттыру, «орамал тастамақ» ойынында есептерді шешуге шақыру, *-Аюда бар екі алма, қоянда бар үш алма, салып еді екеуі алмаларын табаққа, неше болды барлығы алмалары* | «Шаттық шеңберіне» тұрады. қызығушылығы артып есеп жұмбақтарды шешуге талпынады<br><br>Шешуін екі тілде айтады |

| | | |
|---|---|---|
| | *табақта?*<br>*-Ормандағы алқапта өсіп шықты көп шырша. Санап едік оң жағынан болды барлығы он шырша. Ал сол жағынан санағанда неше болады?*<br>*-Егер екі себетте барлығы он саңырауқұлақ болса, екінші себетте неше саңырауқұлақ?*<br>*-Әже дүкеннен немерелеріне үш доп, бір қуыршақ, екі машина сатып алды. Әженің неше немересі бар?*<br>қиын сөздерді екі тілде айтуды ұсыну | |
| Ұйымдаст ыру-іздестіру | Көріп қабылдау қабілетін жетілдіру, қиындықтан шығу жолдарын ойлауға икемдеу мақсатында «лабиринт» ойынын ұсыну (ж)<br><br>Саусақ жаттығуына шақыру «Мысық»<br>*Пеш үстінде мысық отыр,*<br>*Аздап көзін қысып отыр*<br>*Тышқан етін жегісі кеп*<br>*оның тісі қышып отыр*<br>Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында санау таяқшаларымен қызықты тапсырмаларды орындауды ұсыну (ж)<br>*-5 санау тақшаларынан 2 бірдей үшбұрыш құрастыр;*<br>*-7 таяқшадан 2 бірдей төртбұрыш (шаршы) құрастыр;*<br>*-7таяқшадан 3 бірдей* | Өз бетімен, берілген тапсырмадағы затты лабиринттен шығаруға тырысады, онда сызықтарды басып кетпей, бұрылмай өту жолдарын ойластырып табуға талпынады<br>Өлең жолдарды қайталап, саусақ жаттығуын орындайды<br><br><br><br><br>Санау таяқшаларымен тапсырмаларды орындауға тырысады |

| | | |
|---|---|---|
| | *ушбұрыш құрастыр;*<br>*-9таяқшадан 4 бірдей ушбұрыш құрастыр.*<br><br>Сергіту сәтіне шақыру «Мысық пен тышқан»<br>*Мысық, мысық ұйықтайды.*<br>*Керіледі тұрмайды.*<br>*Тышқан, тышқан шығады*<br>*Ақырындап інінен.*<br>*Мысық сезсе тышқанды,*<br>*Шап беріп оны ұстайды*<br>Балалардың есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында «ханталапай» ойынына шақыру (т) Суреттегі заттарды есте сақтап айтуды ұсыну<br>Аталған сөдердің жұбын табу керек<br><br>Дамыту орталығына шақыру «Пифагор» ойынының пішіндерімен «Зымыран» бейнесін құрастыруды ұсыну (ж) | Қызығушылықпен сергіту сәтіндегі барлық жаттығуды орындайды, өлеңді қайталайды<br><br>Қызығушылықпен заттарды есте сақтап, оларды қайталап айтып беруге тырысады<br>Сөздердің жұбын табуға талпынады<br><br>Қызығушылықпен үлгіге қарап және ойша құрастыруға тырысады. |
| Рефлексивті-түзетушілік | Өздеріне ұнаған ойындары туралы сұрау, талпынған балаларды атап өту, «Қоштасу шеңберіне» шақыру, сыйластықта болуға тәрбиелеу | Өздерінің жеткен жетістіктерімен мақтанады, ұнаған ойындарын атайды, «Қоштасу шеңберіне» жиналады, көңілденеді. Бір – бірімен сыйластықта болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**- лабиринтпен жұмыс жасауды.

**Игерді:** берілген заттарды және сөздерді есте сақтауды;

- таяқшалармен тапсырмалар құрастыруды.

**Жасай алады:** «Пифагор» ойынын құрастырды

- бір – бірімен сыйластықта болды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»

**Бөлімі:** «Логика»

**Тақырыбы:** №16 «Кім шапшаң?»

**Мақсаты:**

*- сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*

*- көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру;*

*- сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*

*- бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*

*- қолдың моторикасын дамыту;*

*- «Сиқырлы шеңбер» ойынымен танысу;*

*- бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*

**Құрал - жабдықтар:** санау таяқшылары, «Сиқырлы шеңбер» ойыны

**Билингвалды компонент**: балапан – цыпленок; жапырақ – листья; шырша –елка

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, қызығушылығын арттыру, «орамал тастамақ» әлеміне шақыру<br>*-Ақ сарайын талқандап, шықты біреу талтаңдап (балапан)*<br>*-Ағайынды бәрі, шықса* | «Шаттық шеңберіне» тұрады, қызығушылығы артып Аталған жұмбақтарды шешуге тырысады |

| | | |
|---|---|---|
| | *жасыл, түссе сары (жапырақ)*<br>*-тік – тік, тік пісте, қысы – жазы бір түсте (шырша)*<br>*Менің тұрақты мекенім, сәнді етіп жүремін (үй)*<br>шешімін екі тілде айтуды ұсыну | |
| Ұйымдастыру-ізлестіру | Балалардың тез ойлап жауап беру қабілетін жетілдіру мақсатында «кім шапшаң?» ойынына шақыру<br>-1ден кейін қандай сан?<br>-5тің көрші санын ата?<br>- аптада неше күн?<br>- оң қолыңды тез көрсет?<br>-жерде ұшуға болады ма? | Аталған сұрақтарды тыңдайды, допты тосып тез жауап берге тырысады |
| | Саусақ жаттығуына шақыру «Жылқылар»<br>*Жүйрік аттар шауып шықты.*<br>*Шауып шықты жүгіріп.*<br>*Тұяқтарын тоқылдатып, асау кейіп танытып.*<br>*Бір – бірімен бас тіркесіп, қойды олар ысқырып.* | Өлең жолдарын қайталап, саусақ жаттығуларын орындайды |
| | Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында санау таяқшаларымен қызықты тапсырмаларды орындауды ұсыну (ж)<br>*-5 таяқшадан шаршы және 2 бірдей үшбұрыш құрастыр;*<br>*-9таяқшадан 2шаршы* | Қызығушылықпен керекті таяқшаларды санап алып құрастыруға тырысады |

| | | |
|---|---|---|
| | *және 4бірдей үшбұрыш құрастыр;*<br>*-6таяқшадан үй құрастыр, оның 2 таяқшасының орнын ауыстырып жалауша шығар.*<br><br>Сергіту сәті «Буратино»<br>*Біз ағаштан жасалған*<br>*Қуыршақ болып көрейік*<br>*Қолымызды алға созып,*<br>*Артқа созып көрейік.*<br>*Қатты – қатты керіліп*<br>*Алтын кілтті алайық.*<br>*Мұрным ұзын ағаштан,*<br>*мен боламын бу-ра-ти-но*<br>Балалардың көріп, есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында «Көреген» ойынын ұсыну<br>1. «қиысқан сызықтар» ойынында әріптен санға дейінгі сызықтарды табуды ұсыну (ж)<br>2. «Аққала» ойынында 5 ерекшеліктерді тап (ж)<br>Дамыту орталығына шақыру:<br>«Сиқырлы шеңбер» жаңа ойынымен танысу, құрастыруды ұсыну | Қызығушылықпен сергіту сәтіндегі барлық жаттығуды орындайды, өлеңді қайталайды<br><br>Қызығушылықпен ойынға белсенді қатысады, қиысқан сызықтарды табады, бес ерекшеліктерді табады<br><br>Қызығушылықпен жаңа ойын пішіндерімен танысады, құрастыруға берілген тапсырмаларды құрастыруға тырысады |
| Рефлексивті-түзетушілік | Өздеріне ұнаған ойындары туралы сұрау, талпынған балаларды атап өту, «Қоштасу шеңберіне» шақыру | Өздерінің жеткен жетістіктерімен мақтанады, ұнаған ойындарын атайды, «Қоштасу шеңберіне» жиналады, көңілденеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** дамыту ойыны «Сиқырлы шеңбер» ойынының құрамын.
**Игерді:** тақшалармен берілген тапсырмаларды орындауды.
**Жасай алады:**берілген бейне үлгісін құрастырды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №17 «Керісінше айт»
**Мақсаты:**

- *сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
- *көру, есте сақтау, есту, қиялдану қабілетін қалыптастыру;*
- *сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*
- *бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
- *қолдың моторикасын дамыту;*
- *бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*

**Құрал - жабдықтар:** геометриялық пішіндер жинағы, «Сиқырлы шеңбер» ойыны
**Билингвалды компонент**: құмырсқа – муравей; алмұрт – груша; сауысқан – сорока; күнбағыс – подсолнух.

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация лық-қозғаушыл ық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, қызығушылығын арттыру, сөзді-логикалық ойынға шақыру «Көкпар» (т)<br>*-Бәрі бірдей жұмысқа, шығатын кім (құмырсқа)*<br>*-Уылжыраған албырт, дәмі ғажап (алмұрт)*<br>*-Орыннан орынға ауысқан, ұшқалақ қара ала (сауысқан)* | Қызығушылығы артып «Шаттық шеңберіне» тұрады. Жұмбақтардың шешімін ұйқастырып табуға талпынады .<br><br>Шешімін екі тілде айтады |

| | | |
|---|---|---|
| | *-Көз алмай күнге алыс, қарайды (күнбағыс)*<br>Шешімін екі тілде айтуды ұсыну | |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында «Керісінше айт» ойынын ұйымдастыру (т)<br><br>Саусақ жаттығуына шақыру «Жылқылар<br>*Жүйрік аттар шауып шықты.*<br>*Шауып шықты жүгіріп.*<br>*Тұяқтарын тоқылдатып,асау кейіп танытып.*<br>*Бір – бірімен бас тіркесіп, қойды олар ысқырып.*<br><br>Геометриялық пішіндерден құрастыру барысында қиялдауына мүмкіндік туғызу (ж)<br><br>Сергіту сәті «Буратино»<br>*Біз ағаштан жасалған*<br>*Қуыршақ болып көрейік*<br>*Қолымызды алға созып,*<br>*Артқа созып көрейік.*<br>*Қатты – қатты керіліп*<br>*Алтын кілтті алайық.*<br>*Мұрным ұзын ағаштан,*<br>*мен боламын бу-ра-ти-но*<br><br>Балалардың кеңістікте бағдарлай алу қабілетін жетілдіру мақсатында «телефон» ойынын ұсыну | Аталған сөздерді тыңдайды, сол сөздерге сөздік қорынан антонимдерді тауып айтуға тырысады.<br><br>Өлең жолдарын қайталап, саусақ жаттығуларын орындайды<br><br>Қиялдану белсенділігін арттырып, геометриялық пішіндерден құрастырады<br><br>Қызығушылықпен сергіту сәтіндегі барлық жаттығуды орындайды, өлеңді қайталайды<br><br>суретті қарындашпен сызу арқылы кім – кіммен сөйлесіп жатқанын |

| | | |
|---|---|---|
| | Дамыту орталығына шақыру:<br>«Сиқырлы шеңбер» жаңа ойынының ережелерімен таныстыруды жалғастыру, ойын арқылы көріп есте сақтау жұмысын арттыру | анықтауға тырысады, қызықтайды<br><br>ойынның барлық пішіндерін атап айтып шығады, өздігімен «адам» бейнесін құрастырады |
| Рефлексивті - түзетушілік | Өздеріне ұнаған ойындары туралы сұрау, талпынған балаларды атап өту, «Қоштасу шеңберіне» шақыру | Өздерінің жеткен жетістіктерімен мақтанады, ұнаған ойындарын атайды, «Қоштасу шеңберіне» жиналады, көңілденеді.Бір – бірімен сыйластықта болады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жасырылған заттардың негізгі белгілерін анықтауды.
**Игерді:** қиялдану, түрлі геометриялық пішіндермен өздігімен құрастыруға дағдыланды;

- жаңа дамыту ойыны «Сиқырлы шеңбер».

**Жасай алады:** лабиринтпен жұмыс жасады;

- бір- бірімен сыйластықта болды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Болімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №18 «Сөздің жұбын тап»
**Мақсаты:**
*- сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру;*
*- сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*
*- бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*
**Құрал - жабдықтар:** санау таяқшалар жинағы, «Вьетнам ойыны» ойыны
**Билингвалды компонент**: құс – птица, бәліш- пирожки

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, қызығушылығын арттыру, сөзді-логикалық ойынға шақыру «Қамшығастар» (жеке)<br>Түлкі мен тырна достасып, аюдың туған күніне келеді. Олар 3 бөліктен дәмді бәліш жейді. Туған күнде қанша бөлік бәліш желінді?<br>Шешімін екі тілде айтуды ұсыну | Қызығушылығы артып «Шаттық шеңберіне» тұрады. логикалық жұмбақтарды шешуге талпынады<br>Шешімін екі тілде айтуға тырасады |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Ойлау қабілетін жетілдіруге «Сөздің жұбын тап» ойынын ұсыну. Балаларға бір сөз немесе бірнеше сөздің жұбын айтуды ұсыну (жеке)<br><br>Саусақ жаттығуына шақыру | 4-5 сөзді есте сақтап, оны айтып беруге талпынады, сөздің жұптарын дұрыс табады<br><br>Өлең жолдарды |

| | | |
|---|---|---|
| | «Мысық» (топ)<br>*Пеш үстінде мысық отыр,*<br>*Аздап көзін қысып отыр*<br>*Тышқан етін жегісі кеп*<br>*оның тісі қышып отыр*<br><br>Санау таяқшаларынан «Әткеншектің» бейнесін құрастыруды ұсыну (топ)<br>Сергіту сәтіне шақыру «Кімнің дауысы?» ойынын ұсыну (топ)<br><br>Ойлау жылдамдығын қалыптастыру мақсатында «ханталапай» ойынын ұсыну:<br>1. «Неше дөңгелек салу керек?» ойынында дөңгелектерді тең етіп салу керек (жеке)<br>2. «Заттардың бір – бірінен айырмашылығы бар ма?» заттардың айырмашылығын табу (жеке)<br><br>Дамыту орталығына шақыру:<br>«Вьетнам ойыны» ойынымен таныстыру, ойын арқылы көріп есте сақтау жұмысын арттыру | қайталап, саусақ жаттығуын орындайды<br><br>Қиялдану белсенділігін арттырып, санау таяқшалардан «Әткеншекті» құрастырады<br><br>Көңілденіп, кімнің дауысы екенін табуға тырысады<br><br>Өздігімен дөңгелектің санын анықтап, заттардың арасындағы айырмашылығын табуға тырысады<br><br>Үлгіге қарап бейнені құрастырады, көріп есте сақтап ойша құрастыруға тырысады |
| Рефлексивті-түзетушілік | Өздеріне ұнаған ойындары туралы сұрау, талпынған балаларды атап өту, «Қоштасу шеңберіне» шақыру | Өздерінің жеткен жетістіктерімен мақтанады, ұнаған ойындарын атайды, «Қоштасу шеңберіне» жиналады, көңілденеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «Сиқырлы шеңбер» ойынын құрастыруды.
**Игерді:** санау таяқшалармен бейнені құрастыруға дағдыланды.
**Жасай алады:** алдымен айтылған сөздерді айтып берді;
- заттардың ұқсастығын анықтады, теңдей бөлікке дейін келтірді.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №19 «Мен суретшімін»
**Мақсаты:**
*- сөзді – логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- заттарды есте сақтап, белгілер арқылы суретін салу;*
*- көру, есте сақтау қабілетін қалыптастыру;*
*- сөз тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*
*- бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*
**Құрал - жабдықтар:** санау таяқшалары, «Пішіннің жұбын сал» тапсырмалар, « Вьетнам ойыны»
**Билингвалды компонент:** үй – дом, терезе – окно, хат - письмо

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, «қамшытастар» сөзді-логикалық ойынында қызығушылығын арттыру -Алдар байдың үйіне екі көңілді және 2 мұңды хат әкелді. Бай барлығы неше хат алды? | Қызығушылығы артып « шаттық шеңберіне» тұрады. логикалық тапсырмаларды шешуге талпынады Сөздерді екі тілде айтуға тырысады |

| | | |
|---|---|---|
| | -Мысық Матроскин өз достары үшін 4 балықтан аулады. Мысық Матроскин барлығы қанша балық аулады? | |
| Ұйымдастыр у-іздестіру | Балалардың көріп есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында «Мен суретшімін» ойынын ұйымдастыру. Балалар 2 минут ішінде суретті есте сақтап, оның жұбын белгілер арқылы салып береді<br><br>Саусақ жаттығуына шақыру «Мысық»<br>*Пеш үстінде мысық отыр,*<br>*Аздап көзін қысып отыр*<br>*Тышқан етін жегісі кеп*<br>*оның тісі қышып отыр*<br><br>Санау таяқшаларынан «шыршаның» бейнесін құрастыруды ұсыну (топ)<br>Сергіту сәтіне шақыру «Африкада»<br>*Ой балалар, балалар.*<br>*Африкаға бармаңдар.*<br>*Африкада жылан бар,*<br>*Онда үлкен бақа бар.*<br>*Қолтырауын тағы бар,*<br>*Арыстан онда арс етсе*<br>*Қорқасың сен балақай..*<br><br>Ойлау жылдамдығын қалыптастыру мақсатында « ханталапай» ойынын ұсыну: | «Сурет-белгі» ойынын есте сақтап, ойша суретін салуға тырысады<br><br>Саусақ жаттығуын, өлеңнің айтылуына қарай орындайды<br><br>Қиялдану белсенділігін арттырып, санау таяқшалардан «Шыршаны» құрастырады<br><br>Көңілденіп, жаттығуды толық орындауға тырысады<br><br>Ойынға белсенді қатысады, суреттерден айырмашылықтарды анықтап, орналасу заңдылықтарды анықтайды |

| | | |
|---|---|---|
| | 1. «Суретте не өзгерді?» ойынында ерекшеліктерді табуды ұсыну(жеке)<br>2. «Пішіндер қандай заңдылықпен орналастырылған» ойынында заңдылықты анықтау (жеке)<br><br>Дамыту орталығына шақыру:<br>«Вьетнам» ойынын бекіту , ойын арқылы көріп есте сақтау жұмысын арттыру, құрастыратын бейнені өз қалауына беру | Үлгіге қарап бейнені өздері таңдап құрастырады, көріп есте сақтап ойша құрастыруға тырысады |
| Рефлексивті-түзетушілік | Өздеріне ұнаған ойындары туралы сұрау, талпынған балаларды атап өту, «Қоштасу шеңберіне» шақыру | Өздерінің жеткен жетістіктерімен мақтанады, ұнаған ойындарын атайды, «Қоштасу шеңберіне» жиналады, көңілденеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «Ойлан тап» сөзді – логикалық ойынында жауаптарды білді.

**Игерді:** Суреттердің орналасуын есте сақтауға дағдыланды.

**Жасай алады:** заттарды белгілер арқылы көрсетті;

- үлгіге қарап геометриялық пішіндерден құрастырды.

# ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №20 «Бұл зат па, жоқ...»
**Мақсаты:**
*- логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- қиялдау дағдыларын қалыптастыр;*
*- көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру;*
*- сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*
*- бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*
**Құрал - жабдықтар:** санау таяқшалары, суреттер, «сиқырлы жапырақ» ойыны
**Билингвалды компонент**: бірқазан - аист, торғай - воробей

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды «Шаттық шеңберіне» шақыру, «Орамал тастамақ» сөзді-логикалық ойынында қызығушылығын арттыру<br>-тілі жоқ сөйлейді, өзі мәңгі өлмейді (кітап)<br>-Алқымында қабы бар, су маңынан табылар (бірқазан)<br>Шешуін екі тілде айтуды ұсыну | Қызығушылығы артып «Шаттық шеңберіне» тұрады. Жұмбақтарды шешуге талпынады Шешуін екі тілде айтады |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Балалардың қиялдану қабілетін жетілдіру мақсатында «Бұл зат па, жоқ..» ойынын ұйымдастыру. Бір бала шығып суретті алады да, отырғандарға оны көрсетпей, атын айтпай | Суреттерді бейнелеп беруге тырысады. |

| | | |
|---|---|---|
| | сөздермен айту к/к..<br><br>Қолдың кіші моторикаларына жаттығу жасауды ұсыну «Көңілді сырлаушылар»<br>*Мынау біздің сырлаушылар,*<br>*Сырлаушылар көңілді*<br>*Түрлі түске бояп шығар*<br>*барлық айтқан жеріңді.*<br><br>Санау таяқшаларынан құмыра құрастырып, одан екі таяқшаны қозғалтып теледидар құрастыруды ұсыну<br>«Үш аю» сергіту сәтіне шақыру<br>*Ормандағы үш аю,*<br>*қандай еді қарашы.*<br>*Әкесі оның үп – үлкен*<br>*Анасы одан орташа*<br>*Қонжық болса кішкентай*<br>*Ойнақ салар секіріп.*<br><br>Ойлау жылдамдығын қалыптастыру мақсатында «көреген» ойынын ұсыну:<br>1. - «не көрдің айтып бер»<br>2. Суретте қандай заттар тығылып қалған? (жеке)<br>«Бағдаршам» көз жаттығуына шақыру<br>*Кел балалар бәріміз*<br>*Көзімізді жұмамыз.*<br>*Оң көзіңді жұмда сен*<br>*Маған қара сол көзбен.*<br>*Сол көзіңді енді жұм.*<br>*Оң көзіңмен қара сен.*<br>*Бағдаршам деген қызық қой* | Өлең жолдарды қайталап, саусақ жаттығуын орындайды<br><br>Қиялдану белсенділігін арттырып, санау таяқшалардан құрастырады<br><br>Көңілденіп, жаттығуды толық орындауға тырысады<br><br>Ойынға белсенді қатысады, дұрыс жауап беруге тырысады<br><br>Көз жаттығуын , өлең жолдарын қайталап жасайды<br><br>Үлгіге қарап бейнені өздері құрастыруға тырысады, көріп |

| | | |
|---|---|---|
| | *Кезектеп көзді ашып – жұм.*<br><br>Дамыту орталығына шақыру: «Сиқырлы жапырақ» ойынымен таныстыру | есте сақтап ойша құрастыруға тырысады |
| Рефлексивт і-түзетушілік | Өздеріне ұнаған ойындары туралы сұрау, талпынған балаларды атап өту, «Қоштасу шеңберіне» шақыру | Өздерінің жеткен жетістіктерімен мақтанады, ұнаған ойындарын атайды, «Қоштасу шеңберіне» жиналады, көңілденеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «Орамал тастамақ» сөзді – логикалық ойынында жауаптарды біледі.
**Игерді:** санау таяқшаларынан бейнені құрастыруға дағдыланады.
**Жасай алады:** қиялдану қабілетін жетілдіріп, суреттерді бейнелей алады.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №21 «Сөздер қандай болады?»
**Мақсаты:**
*- логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- қиялдау дағдыларын қалыптастыру;*
*- көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру;*
*- сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*
*- бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*

**Құрал - жабдықтар:** санау таяқшалары, суреттер, «Сиқырлы жапырақ» ойыны
**Билингвалды компонент**: бұлбұл- соловей: құлын - жеребенок

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация лық-қозғаушыл ық | Балаларды « шаттық шеңберіне» шақыру, қызығушылығын арттыру «көкпар» сөзді-логикалық ойынында жұмбақтардың ұйқасын табуды ұсыну<br>-алмастан тыным, шабады (құлын)<br>-Уылжыған албырт, дәмі ғажап (алмұрт)<br>-Үні ғажап, дүлдүл бақта сайрар (бұлбұл)<br>Жұмбақтың жауаптарын екі тілде айтуды ұсыну | Қызығушылығы артып «қуаныш шеңберіне» тұрады.<br>« Көкпар» жұмбақтың ұйқастырып шешуге талпынады<br><br>Шешімін екі тілде айтып үйренеді |
| Ұйымдаст ыру-іздестіру | Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында «Сөздер қандай болады?» ойынын ұйымдастыру.<br><br>Қолдың кіші моторикаларына жаттығу жасауды ұсыну «Көңілді сырлаушылар»<br>*Мынау біздің сырлаушылар,*<br>*Сырлаушылар көңілді*<br>*Түрлі түске бояп шығар*<br>*барлық айтқан жеріңді.*<br><br>Санау таяқшаларынан құрастыруды ұсыну<br><br>Сергіту сәтіне шақыру (топ) «Көңілді санамақ»<br>Орнымыздан тұрамыз | Сөздерді толық айтып беруге тырысады.<br><br>Саусақ жаттығуын, тақпақтың айтылуына қарай орындайды<br><br>Қиялдану белсенділігін арттырып, санау таяқшалардан аталған бейнені құрастырады |

| | | |
|---|---|---|
| | Алақанды ұрамыз<br>Бір отырып, бір тұрып<br>Орнымызды табамыз.<br>Ойлау жылдамдығын қалыптастыру мақсатында «Ханталапай» ойынын ұсыну:<br>- «Пішіндерді тап»<br>«Сөздерді есте сақта» (жеке)<br><br>Графикалық жаттығу «Өрнекті аяқта»<br><br>Дамыту орталығына шақыру: «Сиқырлы жапырақ» ойыны | Көңілденіп, жаттығуды толық орындауға тырысады<br><br>Ойынға белсенді қатысады, дұрыс жауап беруге тырысады<br><br>Үлгіге қарап бейнені өздері құрастыруға тырысады, көріп есте сақтап ойша құрастыруға тырысады |
| Рефлексивті-түзетушілік | Өздеріне ұнаған ойындары туралы сұрау, талпынған балаларды атап өту, «Қоштасу шеңберіне» шақыру | Өздерінің жеткен жетістіктерімен мақтанады, ұнаған ойындарын атайды, «Қоштасу шеңберіне» жиналады, көңілденеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «Кокпар» сөзді – логикалық ойынында жауаптарды білді.
**Игерді:** санау таяқшаларынан бейнені құрастыруға дағдыланды.
**Жасай алады:** қиялдану қабілетін жетілдіріп, суреттерді бейнелей алды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №22 «Түсінігін айт»
**Мақсаты:**
*- логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- қиялдау дағдыларын қалыптастыру;*
*- көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру;*
*- сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*
*- бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*
**Құрал - жабдықтар:** баулар, суреттер, «Сиқырлы жапырақ» ойыны
**Билингвалды компонент:** тырна – аист, шаян-скорпион

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация лық-қозғаушылық | Балаларды «Қуаныш шеңберіне» шақыру, « Көкпар» сөзді-логикалық ойынында қызығушылығын арттыру<br>-өзінде жоқ салмақ, дала безер (қаңбақ)<br>-Шықсаң күзде қырға көресің көп (тырна)<br>Жұртқа аты аян, улы жәндік (шаян)<br>Шешімін екі тілде айтуды ұсыну | Қызығушылығы артып «қуаныш шеңберіне» тұрады. « көкпар» логикалық жұмбақтарды шешуге талпынады Шешімін екі тілде айтуға тырысады |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында «Түсінігін анықта» ойынын ұйымдастыру.<br>Саусақ жаттығуына шақыру «Қонақта», | «Сөздерді толық айтып беруге тырысады.<br><br>Саусақ жаттығуын, тақпақтың |

| | | |
|---|---|---|
| | *Саусақтар бәрі бірігіп*<br>*Қонаққа енді жиналды*<br>*Саусақтарды атайық*<br>*Бәріміз енді бірігіп*<br>*Басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек*<br><br>Баулардан өрнек құрастыруды ұсыну (топ)<br>Сергіту сәтіне шақыру (топ)<br>«Көңілді санамақ»<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Алақанды ұрамыз<br>Бір отырып, бір тұрып<br>Орнымызды табамыз.<br><br>Балалардың зейінін дамытуға арналған жаттығу «ойлан тап» ойынын ұсыну<br><br>Көру диктантын орындауға шақыру<br>Дамыту орталығына шақыру:<br>«Сиқырлы жапырақ» ойыны | айтылуына қарай орындайды<br><br>Қиялдану белсенділігін арттырып, баулардан аталған бейнені құрастырады<br>Көңілденіп, жаттығуды толық орындауға тырысады<br><br>Ойынға белсенді қатысады, дұрыс жауап беруге тырысады<br><br>Суреттен көргенін ауызша есте сақтап айтып беруге тырысады<br><br>Үлгіге қарап бейнені өздері құрастыруға тырысады, көріп есте сақтап ойша құрастыруға тырысады |
| Рефлексивті-түзетушілік | Өздеріне ұнаған ойындары туралы сұрау, талпынған балаларды атап өту, «Қоштасу шеңберіне» шақыру | Өздерінің жеткен жетістіктерімен мақтанады, ұнаған ойындарын атайды, «Қоштасу шеңберіне» жиналады, көңілденеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** «Көкпар» сөзді – логикалық ойынында жауаптарды біледі.
**Игерді:** баулардан бейнені құрастыруға дағдыланды.
**Жасай алады:** қиялдану қабілетін жетілдіріп, суреттерді бейнелей алды.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

**Білім беу саласы:** «Вариативті»
**Бөлімі:** «Логика»
**Тақырыбы:** №23 «Ия немесе жоқ»
**Мақсаты:**
*- логикалық ойлау белсенділігін арттыру;*
*- қиялдау дағдыларын қалыптастыру;*
*- көру, есте сақтау қабілетін жетілдіру;*
*- сурет тізбегін есте сақтау және оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;*
*- бөліктерден бір бүтін пішінді құрастыруға жаттықтыру;*
*- қолдың моторикасын дамыту;*
*- бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу*
**Құрал - жабдықтар:** Кюизнер таяқшалары, суреттер, «Сиқырлы жапырақ» ойыны
**Билингвалды компонент**: қаз- гусь, тауық – курица, көбелек- бабочка

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация лық-қозғаушыл ық | Балаларды « шаттық шеңберіне» шақыру, қызығушылығын арттыру «көкпар» сөзді-логикалық ойынында жұмбақтардың ұйқасын табуды ұсыну<br>-Тым ойыншыл пысық, мияулаған (мысық)<br>-келсе жайнап жаз, көлде | Қызығушылығы артып «қуаныш шеңберіне» тұрады. логикалық жұмбақтардың ұйқасын дұрыс шешуге талпынады |

| | | |
|---|---|---|
| | жүзер (қаз)<br>-тыным таппас ебелек, гүлге қонған (көбелек)<br>-шоқыр жерден тауып, жемді көрсе (тауық)<br>Жауаптарын екі тілде айтуды ұсыну | Шешімін екі тілде айтып үйренеді. |
| Ұйымдастыру-іздестіру | Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында «Ия немесе жок» ойынын ұйымдастыру.<br><br>Саусақ жаттығуына шақыру «Қонақта»,<br>***Саусақтар бәрі бірігіп***<br>***Қонаққа енді жиналды***<br>***Саусақтарды атайық***<br>***Бәріміз енді бірігіп***<br>***Басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек***<br><br>Кюизенер таяқшаларынан «саты» жасауды ұсыну<br><br>Сергіту сәтінде дыбыстау терапиясына шақыру «Себеп»<br>*«уһ» дедім, «Туһ» дедім, «Ой!» дедім, «Ах!» дедім, «Ех!» дедім, «О!» дедім, «И!» дедім, «Е!» дедім. Мен неге өйттім? Кім айтар себебін?*<br>***Шаршадым «УҺ»дедім.***<br>***Ренжідім «Туһ»дедім,***<br>***Қорықтым «Ой» дедемі,***<br>***Өкіндім «Ах»дедім,***<br>***Шарасыз «Ех» дедім***<br>***Таңырқап «О»дедім***<br>***Кейідім «И»дедеім*** | Қызығушылықпен қойылған сұрақтарға тек ия немесе жоқ деп жауап беруге тырысады.<br><br>Саусақ жаттығуын, тақпақтың айтылуына қарай орындайды<br><br>Үлгі бойынша Кюизенер таяқшалардан аталған бейнені құрастырады<br><br>Көңілденіп, сөздерді толық айтып, орындауға тырысады |

| | | |
|---|---|---|
